кто в каком роде старее и авторитетнее, того и почитают. Но власти подлежащей не только старшины, но сами владельцы над народом почти не имеют, разве тогда когда для добычи ездят или защищаются от неприятелей своих, ханам и старшинам своим повинуются, по их приказом собираются и поступают...» [1.183]. Есім хан жүргізген реформаларға негізгі арқау болған, әдет-ғұрып ережелерінің бір жүйеге түсіріліп, өзгертіліп, толықтырылған жинағын «Есім ханның ескі жолы» деп аталып, онда хандар, билер, батырлардың өкілеттік ауқымы, олардың өзара міндеттері мен құқтары қамтылған. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, өзінің негізгі мазмұны жағынан бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери демократия арнасына барып тіреледі. Қолда бар деректерге сүйенек, қазақ елінің осы кезеңдегі жоғарғы заң шығарушылық билігі мәслихаттың құзырымен жүзеге асырылды. Оның құрамына қазақ ұлыстары қауымдастығының барлық өкілдері мен тек беделді сұлтандар ғана қатыстырылды. Мәслихат жұмысы ашық, жария түрде, қалың халық бұқарасының қатысуымен қаралатын, шешілетін маңызды мәселелерге тікелей куә бола алатын мүмкіндіктерге ие бола алатындықтан халық жиналасы деп те аталды. Мәслихат жұмысы жылына бір рет, негізінен күзге қарай, қазақ халқының тарихи және қасиетті орындары болып саналтын Ұлытау, Түркістан, Ташкент маңындағы Күлтөбеде өткізіліп тұрған. Мәслихаттың күн тәртібіне тек осы органның өкілеттік деңгейінде шешілетін, сол кезге қатысты аса маңызды мәселелер – соғыс жариялау, бітім жасау, хан сайлау, жайылымдар мен суаттарды бөлу, заңдар қабылдау секілді мән-маңызы жағынан өте ауқымды істер қойылып, тиянақты шешіліп отырған. Бұл жөнінде қазақтар өмірінің білгір зерттеушісі А.Левшин былай деп куәлік етеді: ... «чтобы сам хан, равно и все султаны, старейшины и правители родов, собрались осенью в одно место, в середине степи, для рассуждения о делах народных» [7.100]. Сонымен, XVII ғасыр ауқымында Есім хан жүргізген реформалар нәтижесінде хандар өкілеттігі бірқатар шектеушілікке ұшырады. Атап айтқанда, ол мемлекет басшысы, қарулы жасақтың бас қолбасшысы, жоғарғы судья ретіндегі маңызды биліктерді иеленгенімен, соғыс жариялау, бітім жасау, шет елге елшілік жіберу, ауыр қылмыс жасағаны үшін өлім жазасына кесу сияқты мәселелерге ханның құқығы шектеліп, мұндай шаралар мәслихаттың құзырына өтіп, тек оның келісімімен жүзеге асырылатын болды.

Ал осы кезеңдегі сұлтандар тобының құқықтық мәртебесіне қысқаша тоқталатын болсақ, олар іс жүзінде мемлекет басқару ісінен шеттетіле бастады. Хан тағына мұрагерлік жолмен сайлау үрдісіне сәйкес, хандық лауазымға алдын-ала үміткер болу құқығынан айырылып, олар үшін тек қана билер сотына тартуға болмайтын, мемлекет алдындағы барлық міндеткерліктен (әскери міндеткерліктен басқа) босатылатын тектік тұрғыдағы (сословиялық) артықшылықтары сақталып қалды. Бірақ, мұрагерлік жол сақталғанымен хан сайланып қойылатын болды. Хан сайларда лайықты мұрагердің қабілеті ескерілді. Қазақ дәстүрінде хан өлгеннен кейін оның баласы хан тағына отыра бермеген. Кейде ханның інісі немесе немересі отырған. Жалпы қазақ ордасындағы хан сайлау үрдісі дала демократиясының «Жағына қарай сөйлеп, жасына қарай отырады» қағидасына негізделіп, ашық түрде, жан-жақты пікір алысу арқылы жүргізіліп отырған.

Мәселен, хан орнына ұсынылған адам жайында беделді сұлтандар, билер, ру басылары, батырлар және басқалары бірінен кейін бірі шығып сөйлеп, әрқайсысы өз пікірін айтып, тілегін білдіретін болған. Кейде халық сенімін ақтамаған, халық арасында беделі қалмаған, мемлекетті құлдыратып жіберген ханның мал-мүлкін ту-талақай бөліп алып, өзін елден қуып та жіберетін болған. Мұндай «хан талау» 1530 жылдар шамасында Тахир ханның басында болған. Халық одан безіп шығып, ханды далада қалдырған. Тахир амалсыздан сол кезде қазақ хандығының құрамындағы қырғыз елінде қалады.

Тарихи фактілерге сүйенсек, әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» қолжазбасындағы деректердің айтуынша: «Алғашында Тахир ханның қол астына қараған 1 миллион адамнан кейін 400 мыңдай адам қалған, бастапқыдағы он лек әскерден 2 лек әскер қалған екен» [8.222].

Есім хан қайтыс болғаннан кейін қазақ Ордасында хан тағы үшін ішкі саяси тартыс күшейіп, өрши түседі. Нәтижесінде Есімнің орнына баласы Жәңгір (1623-1652) хан тағына отырады. Оның билік құру қызметінің барлық кезеңі ойрат-жоңғарлар шапқыншылығына тойтарыс беру күресімен тығыз байланысты болды. Жәңгір хан басы үлкен, кеудесі кең, аласа адам болған екен. Сол себепті қазақтар оны «Салқам Жәңгір» деп атаған. Жәңгір хан болған тұста ойрат-жоңғарларының көсемі Қонтайшы күшейген кез еді. Олар қазақ хандығына дүркін-дүркін жорық жасап отырды. Жәңгір хан Бұхара хандығымен одақтасып Жоңғар шабуылына қарсы күресті. Шығыс Түркістандағы Жаркент хандығымен тату-көршілік қатынас жасап, одақтастық байланыс орнату үшін екі рет елші жіберді, бұл елшілікті Жәңгір ханның балалары Тәуке, Абақ сұлтандар бастап барды [9.254]. Жәңгір хан қазақ елінің тұтастығын сақтау үшін, қырғыздармен де одақтастық қарым-қатынас орнатуға ұмтылды. Оның мұндағы мақсаты, олардың көмегіне сүйене отырып, жоңғар феодалдарының шапқыншылығынан қорғану еді.

Бұл кезде ойрат жоңғарлары мен қазақ хандығы арасындағы қарулы қақтығыс күн сайын күшейе түскен болатын. XVII ауқымында қазақ-ойрат хандықтары арасындағы қарулы күрестің туындауына төмендегі жағдайлар себеп болған деген тұжырым жасауға тура келеді. Біріншіден, көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан екі мемлекеттің де халқы үшін көшіп-қонатын жайылымдық жерді кеңейту керек болды; екіншіден, жоңғар билеушілері Сырдария бойындағы сауда орталықтарын басып алғысы келді [10.476]. Бұл кездерге қатысты деректемелерге жүгінсек, Жәңгір хан дәуірінде қазақтар мен ойрат жоңғарлары арасында үш ірі шайқас – біріншісі 1635 жылы, екіншісі – 1643 жылы, үшіншісі – 1652 жылы болған. 1635 жылға шайқастың немен тынғандығы туралы толық мәлімет жоқ, бірақ осы шайқаста Жәңгір қолға түсіп, көп ұзамай тұтқыннан қашып шыққан [10.351]. Ал 1643 жылға екінші шайқаста қазақтар жеңіп шықты. Оның жайы мынандай болды: 1643 жылдың қысында Қонтайшы қазақ жерлеріне тағы да шабуыл жасайды. Алайда бұл жорық сәтсіз аяқталды. Жетісудың едәуір бөлігі мен Алатау қырғыздарының 10 мыңдай адамын жоңғарлардың тұтқынға алғанын естіген Жәңгір хан шағын қолмен (600 адам) Қонтайшыға аттанады. Бұл оқиға туралы тарих материалдарында былай сипатталады: «Жәңгір хан өз тобының бір бөлегіне жоңғарлар төрт таудан асып келгенше екі таудың арасындағы тар



шатқалда ор қазып, бекініс жасауға бұйырады. Ал өзі екінші бөлегімен таудың екінші бетіне жасырынады. Қонтайшы ор қазып алып, ерлікпен қорғанып жатқандарға қарсы шабуыл жасады. Осы кезде Жәңгір жаудың ту сыртынан лап береді. Сөйтіп, жоңғарларды қатты жеңіліске ұшыратқаны соншалық, олар жақтан 10 мыңдай адам өлді. Ұрыс бітуге жақындағанда 20 мың әскермен Самарқан билеушісі атақты Жалаңтөс батыр Жәңгірге көмекке келеді, Қонтайшы шегінуге мәжбүр болады [10.380]. Бірақ олар түпкілікті жеңілген жоқ еді, Қонтайшы бытыраған әскерлерін қайта құрып, Сібірдегі орыс қамалдарынан қару-жарақ сатып алады. Бұл фактіден байқайтынымыз, сол кездегі патша империясының қару-жарақ сату арқылы жоңғарларды барынша күшейтіп, оларды қазақтарға айдап салып, Қазақ ордасының мемлекеттік негізін шайқалтуға, әлсіретуге, тіпті құлатуға бағытталғын сұркия саясатын аңғару қиын емес. Осындай жан-жақты әскери дайындықтан кейін Қонтайшы 1652 жылы қазақтарға жорыққа аттанды. Бұл шайқаста қазақ жасақтары жеңілді» [10.476].

Жалпы айтқанда, Жәңгір хан билік құрған кезеңдегі қазақ мемлекетінің ішкі саяси жағдайын өте күрделі, әрі ауыр деп бағалауға болады. Өйткені, дәл осы кезде ақсүйек шонжарлардың арасында өзара алауыздықтар мен бақталастық өршіп отырды. Беделді деген қазақ сұлтандары өздері билеген ұлыстарды жеке-дара билеп, дербестенуге, бөлектенуге бой ұра бастады. Қазақ жүздерінің арасындағы байланыс нашарлап, олар бір-бірінен оқшаулана бастады. Бірте-бірте үш жүздің әрқайсысында өз алдына жеке хандықтар құрылды. Бұл жүздерді билеген кіші хандар сөз жүзінде Қазақ Ордасының ұлы ханына тәуелді болғанымен, іс жүзінде өз алдына дербес билік жүргізді. Бұл жағдайлар жалпы қазақ халқының басын біріктіріп, сыртқы шапқыншылықтан қорғануға кедергі болды, сонымен қатар мемлекетіміздің түп қазығын әлсіретіп, жоғарыдағыдай жеңілістерге ұшыратып отырды. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ хандығы мен патшалық Ресей империясы арасындағы басталған қарым-қатынастарда күнгейінен көлеңкесі басым тұстар көбірек болғанын айтуымыз керек. Өйткені, XVI – ғасырдың соңғы ширегінде Ресей мемлекеті бір орталыққа бағынып, саяси-экономикалық жағынан күшейіп, өздерімен көршілес жатқан халықтарға қарсы отаршылдық, экспансиялық пиғылдағы саясатын жүзеге асыра бастаған еді. Тарихи деректерге сүйенсек, Ресей патшасы сол кездегі белгілі алпауыт көпестер әулеті Строгоновтарға, қазақтар атаманы Ермаққа арқа сүйеп, оларға барлық жағдай жасап, бақайшағына дейін қаруландырып, Көшім хан бастаған Сібір хандығына жорыққа аттандырып, 1598 жылы оны біржолата құлатқаны белгілі. Осыған дейін Сібірді қоныстанып, мекен еткен, Ермақтың қанды шеңгелінен сытылып шығып, аман қалған, қазақ тайпаларының бірқатар бөлігі оңтүстікке қарай үдере көшіп Есім ханның қол астына өткен еді. Сол тұстағы қазақ мемлекеті мен Ресей билеушілерінің өзара жақындасуы мен алғашқы байланыстары жөнінде белгілі зерттеуші А. Левшин былай деп тұжырымдайды: «...Первая прямая связь сношения киргизских (казахских – Ж.Ә.) с русским правительством наблюдается в связи с Сибирским походом Ермака. Кучум хан Сибирский был киргиз» [7.1]. Сібір хандығының құлауы қазақ-орыс мемлекеттерінің екі арадығы шекаралық шептерін тікелей жақындату арқылы, екі ел арасындағы сауда-саттық,

экономикалық, тіпті саяси байланыстардың жолға қойылуына ықпалын тигізді. XVII-ғасырда қазақ мемлекетінің тұрақты ресми әкімшілік орталығы – Ел Ордасы Түркістан қаласы болып белгіленіп, ел билеуші Ұлы хан қыстық қонысын осында өткізіп, жаз шыға Ресей мемлекетімен жапсарлас жатқан Арқа жаққа (Көкшетау) көшіп барып, қан жайлауда кең тыныстап, кеңес құрып, көп нөкерлерін ертіп, аң аулап, саятшылық құрып, сейіл-серуенге шығатын болған. Бұл кезде бір орталыққа бағынып, тұтастыққа қол жеткізіп, саяси-экономикалық қуаты жаңа күшейіп келе жатқан Ресей мемлекеті оңтүстік шығыстағы беделді көршісі Қазақ хандығымен қарым-қатынасын кеңейтуге мүдделі болды. Сондай-ақ, шығысындағы пайда болған үлкен мемлекет Жоңғар хандығы оңтүстік батысында Бұхар әмірлігі, Жайық жақтан башқұрт билеушілері тыныштық бермей отырған қазақ хандары да орыстармен сыпайы сауда-саттық жүргізуге мүдделі еді. Оқта-текте Мәскеуге қазақ елшілері де барып қайтатын, бірақ орыс елшілерін әлі де ішке кіргізбейтін. Сол кездерің өзінде-ақ Қазақ хандығы әлсірей қалса, ұлан-байтақ даланы иемдену сияқты түпкі арам ойы бар орыс патшаларының Қазақ Ордасының ішкі-сыртқы жағдайын, тарихын, салт-санасын, әскери күшін, қорғану қабілетін жете білуге ұмтылған зымиян саясатының алғашқы қадамы басталған еді.

Ресей билеушілері отаршылдық пиғылдағы мақсаттарын іске асыру үшін, ең алдымен қайткен күнде де хан төңірегіндегі адамдардың, әсіресе хан тағының мұрагерлерінің бірін тұтқын (заложник) ретінде қолға түсіруді көздеп, оны іске асыру нәтижесінде Қазақ Ордасының хан тағының мұрагері Оразмұхаммедті кепілдемегі ретінде Ресей жерінде ұстап тұрғанын тарихи деректер растайды. Сол кездегі қазақ мемлекетінің саяси беделіне нұқсан келтіріп, елдігімізге ауырсын, болашағымыз үшін үлкен сабақ болған осы аталған оқиғаға байланысты мына бір жайтты атап өту керек. Ресей империясы өзінің арам пиғылдағы мақсатпен іске асырған әділетсіз әрекетін жауып-жасырып, ақталу ниетін көздеп, Оразмұхаммедтің Ресей жеріне өз еркімен патшаға қызмет етуге келді дегізіп, қоғамдық пікір туғызуға тырысып, ресми ақпараттар таратып, баспасөз бетінде жариялауы еді. Мәселен, В.В.Вельяминов-Зерновтің еңбегінде бұл оқиға туралы былай деп дәріптеледі: «...что царевич Уразмухаммед выехал в Россию добровольно, что царь Федор оказывал милость ко всем людям, и приезжавших к нему служит цари и царевичи. Приехал к нему служит государю царевич казачьи и царевич Хивинский...» [11.96]. Ал, негізінде шындықты айғақтайтын материалдарға сүйенсек, бұл оқиға барысы былайша өрбіген еді.

Оразмұхаммед жас кезінде қазақтың ұлы хандарының бірі, Тәуекелдің ақылшысы, кеңесшісі болған араб, парсы тілдерін жетік меңгерген, өз кезінің асқан зор білімпазы, әйгілі қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайырдың (Қосымұлы) тәлім-тәрбиесінде болған, талантты, болашағынан зор үміт күттіретін бекзадалардың бірі еді. Ол өзінің ғылыми еңбегінде бұл туралы былай дейді: «Менің аталарым Оразмұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Оразмұхаммедтің қасында болдым...» [12.7]. Сонымен, Тәуекел ханның інісі Ондан сұлтанның баласы жас сұлтан Оразмұхаммедтің аңшылыққа құмар екенін, жылма-жыл ерте көктемде, күзде Ертіс, Тобыл бойын жағалап, ит жүгіртіп, құс салатының, патшаның

тапсырмасы бойынша жансыздары арқылы біліп отырған Сібірдегі орыс әкімдері аңдып жүріп, Тобыл алқабында қаршыға салып жүрген Оразмұхаммедті, Қадырғали бастаған саятшы, нөкерлерімен қоса тұтқынға алады да, аманат ретінде Мәскеуге жөнелтеді. Бұл 1588 жыл еді. Сонымен қатар, Оразмұхаммедтің аманат есебінде тұтқынға алынуы жөніндегі қарама-қарсы фактілерді, яғни осы оқиға туралы шындыққа сай келетін деректерді келтіріп кетуге болады. Мұндай деректердің бірін де, Сібірдің әскери жасағының басшысы Данил Чулковтың Оразмұхаммедті айла-шарғы жасап, алдап қонаққа шақырып, қолға түсіріп, одан кейін Мәскеуге жібергені айтылады. Мәселен, П. Небольшиннің еңбегінен мынандай деректі келтіруімізге болады: «...Узнав, что царевич с карачею выехал из города Сибири охотиться на так называемый Княжеский Луг, он послал пригласить их к себе в Тобольск. Гости явились, и были во время обеда схвачены русскими войсками. Вслед за тем (6 сентября 1588) их отправили в Москву» [13.101].

Оразмұхаммедтің хан ордасының адамы екенін, Қадырғалидың шығыс тарихын, мәдениетін жетік білетінін, көп тілдерді игерген ғұлама екенін білген соң, орыс патшасы Федор Иванович оларды жақсы қабылдайды, өз сарайының маңында ұстайды. Оразмұхаммед патша сарайының ішінде болып тұратын, жоғарғы дәрежедегі салтанатты қабылдауларға, кездесулерге патша тарапынан тікелей шақырылып, қатыстырылуы, Оразмұхаммедті шетелдің дипломатиялық өкілдіктеріне қазақ ордасының ханзадасы ретінде таныстырылуы, оның бедел деңгейінің өскендігін сипаттайды. Бұл оқиғаны сол кезеңге қатысты мынандай деректерден байқауға болады: «...Уразмухаммед вместе с другими служилыми Татарскими царевичами присутствовал, 22-мая в Москве (1597 г.). В Большой гранатовой Палате, при торжественном приеме посла Римского императора бурграффа Донавского, он назван царевичем казачьей орды» [14.103] деп, - сипатталады.

Әскер өнерін жетік білетін батыр жігіт Оразмұхаммед 1590-91 жылдары орыстардың Швецияға, Қырым хандығына қарсы жүргізген соғыстарына қатысып, ерлік көрсетеді. Осыны және оның хан тұқымы екенін ескерген патша Федор Иванович 1592 жылы Ока өзені бойындағы мұсылмандар мекендейтін бұрынғы Қасымов хандығынан Оразмұхаммедке жер бөліп береді. Ал, 1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов Оразмұхаммедті Қасымов хандығының ханы етіп тағайындаған. Бұл жөнінде мұрағат (архив) құжаттарында былай деп тұжырымдалады: «...По постановлению себя (Бориса Годунова) на царство и пожаловал царевича казачьей Орды Уразмухаммеда посадить его на царстве Касымовское и дать ему г. Касымова с волостями и ею всеми доходами» [15.12]. 1735 жылдан Империялық Ғылым академиясының Азиялық мұражайында сақталып келген, Оразмұхаммедтің өз аузынан айтылып, шағын күміс жәшікке араб тілінде айтылып жазылған, оның шыққан тегі жөніндегі орыс тіліндегі аудармасындағы қысқа шежіреден, ол жөнінде мынандай мағлұматтарды оқуға болады: «Орыс хан, оның ұлы Құйыршық хан – одан Барақ хан, оның ұлы Жәнібек хан, - одан Жәдік хан – оның баласы Шығай хан – баласы Ондан сұлтан – оның ұлы Оразмұхаммед хан».

Сол дәуірдің тарихи деректерінде айтылған мағлұматтарды байыптап қарасақ, Оразмұхаммед [17.30] сұлтанның Қасымов хандығының тағына ие болып, ресми түрде рәсімнен (инаугурация) өтуі қысқаша түрде былайша сипатталады. Оразмұхаммед біраз уақыт Мәскеуде патша Борис Федоровичтің қасында болғаннан соң, қасындағы көптеген нөкерлерімен, қызметшілерімен, тілмаштарымен, Борис патшаның нұсқауымен және оның атынан Қасымов хандығының тағына отыруға қатысты рәсім шараларын өткізуге дайындалу үшін аттандырылады. Оразмұхаммед Қасымов хандығына 1600 жылдың, көкек айының 28-ші жұлдызында келіп жетеді. Осы жылдың 12-шілдесінде оны хан тағына отырғызудың салтанатты рәсімі басталып, Қасымов қаласының еңбектеген баласынан бастап, еңкейген қартына дейінгі тұрғындары, оның ішінде қазақтардың, татарлардың, орыстардың түгел қатыстырылғаны жөнінде айтылады. Сол өңірдегі барлық мұсылман дінінің өкілдері, молдалар, хафиздар, бектер, мырзалар, сондай-ақ, патша Бористің әмірімен бояр балалары тегіс мешітке жиналып, алтын жалатқан ақ киіз жерге төселеді. Бас мүфтий Бөлексейіттің оқыған бата-дұғасынан кейін, теңселген қарақұрым халықтың қошамет көрсетіп, қолдауымен, алпамсадай төрт жігіт Оразмұхаммедті ақ түсті алтын жалатқан кілемге отырғызып, төрт бұрышынан тік көтеріп, оны хандық таққа салтанатты түрде отырғызады. Осыдан кейін хан тағына жаңа отырған Оразмұхаммедтің құрметіне ұлан-асыр той жасалып, сансыз мал сойылып, қымыз сапырылып, шақырылған қонақтарға үлкен қонақасы беріліп, бұл той-думан қатарынан үш-төрт күнге созылды деп сипатталады. Оразмұхаммед Қасым хандығының тағына отырған кезде 28 жасқа толған екен.

Сол кездегі тарихи деректерге, жылнамаларға сүйенсек, Қасымов хандығының Оразмұхаммед билік құрған кезіндегі хан тағының басқару құрылымы былайша бейнеленеді:

**Хан тағының оң қанаты немесе**

**оң қолы**

Есбай-Маңғыттар

Саманай бек

Жалайыр-Қадырғали бек

**Сол жақ қанаты немесе**

**сол қолы**

Арғын-Жиенбек

Қыпшақ-Тоқай бек

Жоғарыда көрсетілген хан тағының Оразмұхаммед қалыптастырған құрылымдық-басқару, билік жүргізу ерекшелігіне жіті мән беріп, сараптай қарасақ, оның өз қол астына қарайтын қазақ тайпаларының ең беделді өкілдерін, билерін кеңесші, ақылшы, тіпті әріптес есебінде бөле жармай, тең дәрежеде хандықтың басқару жүйесіне тікелей қатыстыру фактісінен біз оның ата-салтымызбен бірге қалыптасқан дала демократиясының қағидаларын мойындау үрдісін байқаймыз. Қасымов хандығының Оразмұхаммед билік құрған кезеңдегі ішкі басқару құрылымын, бұл хандықтың жалпы саяси сипатын қысқаша көрсетудегі негізгі мақсатымыз – ең алдымен қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ мемлекетінің күрделі, саяси сыртқы жағдайына, ахуалына қатысты бар, нақты тарихи деректер негізіндегі саяси оқиғаларға объективтік тұрғыдан қарап, баға беру болса, екіншіден, сол кездің өзінде-ақ күш-қуаты кемеліне келген Ресей империясының қазақ тайпаларын өз мемлекетінің туы астына бірігіуге жол бермей, бөлшектеп,

бірін-біріне қарсы қоя отырып, «бөліп ал да билей бер» деген сұрқия саясаты қағидасының жүзеге асуының алғашқы қадамын көрсету болса, үшіншіден, әр түрлі аймақта өмір сүрген қазақ халқының сол кезеңдегі қоғамдық-саяси құрылымындағы дәстүрлі, тарихи сабақтастықты көрсетуге талпындық. Оразмұхаммедтің Қасымов хандығында билік құрған кезеңде, осы хандықтың қоғамдық-саяси өмірінде зор роль атқарған, оның алғашқы ұстазы, әрі ақылшысы, кейінірек өзі тағайындаған 4 уәзірлердің ішіндегі ең біліктісі, білімдісі атанған, әйгілі оқымысты-ғалым, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбек – «Жылнамалар жинағын» жазған Қалығали Жалайыри туралы да айтпай кетуге болмайды. Қадырғали Қосымұлы Жалайыри (1503-1605 ж.ж.) Сыр бойын жайлаған Ұлы жүз тайпасының Тарақ таңбалы Жалайыр руынан шыққан. Шыңғыс әулетінен, төре тұқымынан болған хандарға қызмет ететін қарашалардың тұқымы. Ондан сұлтанның баласы әйгілі Тәуекел ханның (1586-1598 ж.ж. билік құған) немере інісі – ханзада Оразмұхаммед жас жігіт кезінде, Ермактың Сібірге жасаған жорықтарына байланысты қолға түсіп, Москваға жіберіліп аманат ретінде ұсталғаны белгілі. Осы кезде оның ұстазы, ғұлама Қадырғали үнемі бірге болған, ал Оразмұхаммед 1600 жылы Қасымов хандығының тағына отырғанда оның төрт уәзірінің бірі болып қызмет атқарған. Ол өзі туралы былай деп жазады: «Мен – дүние жүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, әділ үкім, нақыл сөзге қанық көптеген кітаптар оқыған адаммын» [18.198] дейді. Қ.Жалайыри 1602 жылы уәзірлік қызметте жүріп шежіре жазып бітірген. Бұл еңбек қазіргі ғылыми ортада «Джамиат-Тауарих» - «Жылнамалар жинағы» деген атпен белгілі. Сонымен Қ.Жалайырдың бұл шежіресінің ертедегі қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи еңбек екені қазіргі кезде аян болып отыр. Қазақ оқымыстысы Ш.Уәлиханов бұл кітаптің аңыздан гөрі ақиқаты басымырақ деп сипаттаса, ал орыс ғалымдары Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, В.В.Вельяминов-Зернов кезінде оның бұл еңбегін жоғары бағалағанын айтуымыз керек. Сондай-ақ Оразмұхаммед пен Қадырғали бастаған қазақтардың Ресейде болу оқиғасын көрнекті жазушы, халқымыздың көне тарихының білгірі Мұқтар Мағауин «Аласапыран» атты романында кең және көркем баяндаған.

Қадырғалидың еңбегіне аса жоғары баға берген әйгілі ғалым, академик Әлкей Марғұлан болатын. Ол осы еңбекті қазақ жазба әдебиеті тілі тарихының қайнар көзі ретінде есептеп, өзінің «Күміс сандық құпиясы» атты көлімде мақаласында былай дейді: «Оразмұхаммедтің кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі - өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі көркем тілде қазақша жазатын жазушы Қадырғали Жалайырдың шығармасы. Оның кітабы 1598 жылы жазылып біткен, әуелдегі аты қандай екені белгісіз. Жазудың бас-аяғы жоғалып кеткен... Кітапта ол Ресей патшасы Борис Федоровичке зор алғыс айтады... Шоқан оған зор ғылыми мән беріп, бұл қазақ тілінің жақсы бір мұрасы деп білген» [19].

Сонғы жылдары қазақ ғалымдарының күш салуы арқасында Қадырғалидың еңбегі өз халқымыздың ортақ қазынасына айналғанын айта кеткен жөн. Оның еңбегі негізгі үш бөлімнен тұрады. 1. Борис Годунов билігін бейнелеу. 2. Рашид ад-диннің «Джамиат-Тауарих» аты еңбегінің қысқаша аудармасы. 3. Орыс ханның

Оразмұхаммед сұлтанға дейінгі Шыңғыс тұқымдарының шежіресі. Бұларға қосымша алтынордалық ірі қайраткер Едіге батыр жайында дастан берілген. Қадырғалидың бұл еңбекті жазудағы негізгі мақсаты - өз әміршісі Шыңғысхан ұрпағы Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммедтің хан тағына лайықты екенін дәлелдеу. Орыс ғалымы И.Н. Березиннің айтуы бойынша, тағы бір көздеген мақсаты – «...патша Борис Федоровичтің мәңгі әділдігін, ақтығын айту және тағы мәртебелі Оразмұхаммед ханды жоғарғы мәртебелі патшаның құрметпен хандыққа отырғызғанын көрсету үшін жазылды» деп тұжырымдайды [20.43]. Жалпы Қадырғали еңбегі қай сұлтанның, қай ханның қай жерде шаһит болғанын, жерлегенін көрсетумен де құнды. Тәуекел ханды «ислам мемлекетінің басшысы деп атаған. Ондан сұлтан шаһит болғанда Оразмұхаммедтің он үш жаста жетім қалғанын айтады. Қорыта айтсақ, Шығыс жылнамашыларының, әсіресе Рашид ад-диннің, Әбілғазының, Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Қадырғали Жалаиырдің тағы басқа ғалымдардың жазбаша еңбектерін оқып, сараптағанда байқайтынымыз, ағайын-туғандар бақ-дәулет, атақ-даңқ үшін қаншама ғасырлар бойы өзара қырғын соғыстар ашқанына көз жеткізу қиын емес. Бұл ащы тарих. Ал тарихтан келер ұрпақ сабақ алып, өсіп-өркендеуі керек. Ол үшін тарихқа жиі көз жіберіп отырумыз керек. Қадырғали бидің еңбегі – бұл салада айырықша көзге түсетін інжу-маржан. Бір ғалымдар «бек» кей ғалымдар «би» деп атаған Қадырғали бабамызды қай жағынан мақтан тұтсақ та орынды, өйткені оның артына мұра етіп қалдырған шығармалары қазақ мемлекетінің құрылуы алдындағы тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты аса бағалы мәліметтер береді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. XV до н.э. – XVIII в. М. 1935. ч. 2. с. 180-181.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. 4-том. 1983. 201 бет. Алматы.
3. Қазақ ССР тарихы. 2-том, 1978 ж., 262 бет. Алматы.  
Материалы по истории казахских ханств. Алматы. 1969. с. 316.
4. Материалы по истории казахских ханств. Алматы. 1969. с. 316.
5. Мухаммед Юсуп Мунши. Тарихи Муқим-хани. Ташкент. 1955 г., стр. 86-87.
6. Марғасқа жырау. Тұрсынханға айтқан сөзі. М. Әуезов атындағы. Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры. № 849-папка.
7. Левшин А. Описание киргиз – кайсацких Орд. ч. III. Спб. 1832. с. 100
8. «Тарихи-и-Рашиди» 174-243 беттер. Материалы по истории казахских ханств. Алматы. 1969. с. 222-228.
9. Нығмет М. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, 1994, 254 бет.
10. Қазақ совет энциклопедиясы. 4-том, 476 бет. Алматы, 1973.
11. Левшин А. Описание киргиз-кайсацких Орд. ч. II. стр. 1.
12. Вельяминов-Зернов В.В. О Касымовских царей и царевичей. Спб. 1864. ч. 2. стр. 96.
13. Тоғысбаев Б. Қадыр Әлі би. Парасат. № 67. 2001 ж. 7 бет.
14. Небольсин П. Покорение Сибири. Спб. 1849. стр. 101.

15. Вельяминов-Зернов В.В. О Касымовских царей и царевичей. Уразмухаммед. Спб. 1864. ч. 2. стр. 103.
16. Труды Рязанской Архивной комиссии. 1887. № 5. род. 2, с. 12. Из портфеля Миллера.
17. Шишкин Н.И. История города Касимова с древнейших времен. г. Касимова. 1892. стр. 30-32.
18. Салимгерей А.А. Өз отбасы. Алматы. 1987. 198 бет.
19. Марғұлан Ә. «Күміс сандық құпиясы». Қазақ әдебиеті. № 1 саны, 1981 ж.
20. Березин И.Н. Библиотека восточных источников. Казань. 1854. т. 1. стр. 43.

**Әубәкірова Жадыра Маратовна**  
 Alikhan Vokeikhan University» ББМ,  
 қылмыстық құқықтық пәндер  
 кафедрасының оқытушысы

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАРДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Мемлекеттік аппарат шенеуніктерінің сыбайластыққа салынуынан бастап белгілі бола бастаған еді. Қазіргі әлеуметтік проблемелерға байланысты Қазақстан Республикасының қылмыстық кодекстің 15 тарауы мемлекеттік қызмет пен басқару мүдделеріне қарсы сыбайластық жемқорлық және өзге де қылмыстарға арналған. Сыбайлас жемқорлықтың көптеген түрлері лауазымды адам жасаған алдау-арбауға ұқсайды және мемлекеттік билікке қарсы жасалған қылмыстар қатарына жатады. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не лауазымды адамның өздерінің қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқада адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артылықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделеріне қайшы пайдалану, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқсада осы қылмыстың сипаты байқалады. Осы екі органның — мемлекеттік немесе коммерциялық және өзге ұйымдардың лауазымды адамдарының атқаратын функцияларында елеулі өзгерістер бар. Жалпыға мәлім бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік аппараттың қызметін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажетті белгісі болып, ондағы жүріп жатқан процестердің реттеушісі болып табылады. [1,б 165 ]

Сыбайлас жемқорлықпен ұйымдасқан қылмыс бөлінбейтін, бөлшектенбейтін криминалды одақты құрады. Ұйымдасқан қылмыстың қанатының кең жайылуына

сыбайлас жемқорлық себепші. Осы тұрғыдан қарағанда Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық дегеніміз ұйымдасқан қылмыстың негізі. [2,б 165]

Билікті асыра қолдану кезіндегі зорлық дене күшін жұмсау және психологиялық болуы мүмкін. Билікті немесе қызметтік өкілетті асыра пайдалану кезінде дене күшін жұмсау жәбірленушінің денесіне зақым келтіру, ұрып соғу, азаптау, бостандығынан заңсыз айыру түрінде көрінуі мүмкін. Билікті асыра қолдану кезінде психикалық зорлық, дене күшін жұмсаумен қорқыту және денеге жарақат салумен, өліммен қорқыту жәбірленушінің белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздікті істеуге және басқадай нысандарды мәжбүрлеп қорқытуы арқылы көрініс табады. Мұндай қорқытулар субъект тарапынан сөзбен, жазбаша, дене қозғалысы, ым көрсету арқылы жүзеге асырылады және де осы қорқытулар жәбірленушінің жеке басына ғана емес, оның туыстары, жақындары жөнінде де болуы мүмкін.

Талданып отырған қылмыс субъективтік жағынан тек қана қасақаналықпен жасалады. Кінәлы адам билікті немесе қызметтік өкілеттікті көріне асыра пайдаланғанын және оның азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатынын сезеді және өз өкілеттігін асыра пайдалану арқылы құқық қорғау объектілеріне зиян келтіруді тілейді немесе осы зардаптардың болуын тілемесе де оған саналы түрде жол береді. Қылмыстық ниеттің іс-әрекетті саралау үшін ешқандай әсері болмайды.

Қылмыстың субъектісі болып өкімет өкілі немесе басқадай лауазымды адамдар танылады. Талданып отырған баптың 2-тармағында бұрынғы заңда болмаған осы қылмыстың ауырлататын түрі — жауапты мемлекеттік лауазымда істейтін адам жасаған билікті кемесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдаланған әрекеттер үшін жауаптылық көзделген. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу мәселелері. Бұл қылмыстық еліміз үшін қауіптілігі тәуелсіздік алғаннан кейін,- ақ біліне бастады. Соның негізінде Қазақстан Республикасында алдын алу шаралары ұйымдастырыла бастады. Сыбайлас жемқорлық қарсы 1998 жылы 2 шілдеде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы зағы қабылданды. 2007 жылғы 21 шілдеде ҚР – ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жетілдіру мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы». Аталған мәселе бойынша 2022 жылдың 1 ақпанында Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Президент соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударды. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процеске негізсіз тартылуына жол берген жоқ. Басқа да бірқатар



институционалдық шаралар жүзеге асырылды. – Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде, – деді Президент. Сыбайлас жемқорлықтың кесірінен алып мемлекеттер, ірі мемлекеттер құлағанын бәріміз білеміз, куә болдық", - деді Мемлекет басшысы. [3]

Қорытындылай келе сыбайлас жемқорлық біріншіден, қолдағы билікті бас пайда үшін пайдалану, ондай қылмыстың әшкереленуі билік беделін түсіреді, демократияға нұқсан келтіреді, тіптен диктатураға алып келуі мүмкін.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық өзінің ресурстардың бөлінуіне тигізетін теріс әсерінің нәтижесінде жалпы экономиканың дамып, нығаюына кедергі жасайды.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес:

- 1) барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі;
- 2) мемлекеттік органдардың қызметін анық құқықтық регламенттеуде, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын жеке және заңды тұлғалар құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық ұйымдық басқада жүйелерін қорғаудың басымдығы;
- 5) Қазақстан Республикасы Конституциясы 39-бабының 1-тармағына сәйкес лауазымды адамдар мен мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген басқа да адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол берілуін тану;
- 6) жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою және олардың алдын алу.
- 7) сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтын азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 8) мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету жалақы (ақшалай үлес) мен жеңілдіктер белгілеу;
- 9) осындай қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуге өкілеттік берілуін болдырмау, сондай-ақ оған бақылау жасау;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды анықтау, ашу, жолын кесу және олардың алдын алу мақсатында жедел іздестіру қызметі мен өзгеде қызметтерді жүзеге

асыру, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен заңға қайшы тапқан ақша қаражаты мен өзге де мүлікті заңдастыруға жол бермеу мақсатында арнайы қаржылық бақылау шараларын қолдану. [5]

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдарға тиіспеушілік кепілдіктері**

1.Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады.

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және осы Заңның 6-бабының 2 және 4-тармақтарында аталған органдардың немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етіледі. Бұл ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

### **Жақын туыстардың бірге қызмет істеуіне жол бермеу**

Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген лауазымды және өзге де адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың (осы Заңның 3-бабы 3-тармағының 4) тармақ-шасында аталған адамдарды қоспағанда) өздерінің жақын туыстары(ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесеері (зайыбы) атқаратын қызметтерге тікелей бағынысты лауазымдарды, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, атқаруына болмайды.

### **Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершілік**

1. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдардың немесе соларға теңестірілген адамдардың мынадай:

1)басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласу;

2)аталған адамдардың не олардың жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу кезінде өздерінің қызметтік өкілеттігін пайдалану;

3)мемлекеттік және оған теңестірілген қызметке кірген және онда жоғарылатылған кезде заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық);

4)шешімдер әзірлеу мен қабылдау кезінде заңды және жеке тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;

5)кімге болса да табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда заңдарда көзделмеген кез келген жәрдем көрсету;

6)мемлекеттік міндеттерін атқару кезінде алынған ақпаратты, егер ол ресми жариялауға жатпайтын болса, жеке немесе топтық мүдделерге пайдалану;

7)берілу заңдарда көзделген ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға беруден негізсіз бастарту, оны кешіктіру, бұрыс немесе толық емес ақпарат беру;

8)жеке немесе заңды тұлғалардың табыс етуі заңдарда көзделмеген ақпаратты бұл тұлғалардан талап ету;

9)мемлекеттік қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жекелеген кандидаттардың немесе қоғамдық бірлестіктердің сайлау қорына беру;

10)жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қараудың және өз құзыретіне кіретін

өзге де мәселелерді шешудің заңда белгіленген тәртібін әлденеше рет бұзу;

11) жоғары тұрған ресми адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін аталған адамдарға сыйлықтар тарту және қызметтен тыс қызмет көрсету;

12) жеке немесе заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда көрінеу кедергі жасау;

13) кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, сондай-ақ оған бақылау жасау өкілеттігін сондай қызметті жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғаларға беру; [1, б 165]

### **Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтардың зардаптарын жою**

Заңсыз алынған мүлікті немесе заңсыз көрсетілген қызметтің құнын өндіріп алу. Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдар немесе соларға теңестірілген адамдар сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық нәтижесінде негізсіз байыған жағдайлардың бәрінде заңсыз алынған мүлік мемлекет кірісіне жатқызылуға ал заңсыз көрсетілген қызмет құны мемлекет кірісіне өндіріліп алынуға тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 ж 4 шілдеде қабылданған. б 165
2. «Қылмыстық құқық ерекше бөлім- А.Н.Ағыбаев» б 540
3. ҚР Президентінің Жарлығы 2022 жылғы 30 қыркүйек
4. 2021 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама [
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы қабылданған, 1998 жылы өзгерту мен толықтырулар енгізілген.

**Бегазова Гульнаписа Жандаровна**  
з.ғ.м.д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының докторанты

### **ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ СЕНІМ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

Азаматтық құқықтық қатынас субъектілерін ерекшелігін қарастыратын болсақ, негізгі маңызға ие болатын шаруашылық серіктестіктер боып табылады. Коммерциялық бағытты ұстана отырып, сол шаруашылық серіктестіктің ішінен сенім серіктестігінің ерекшелігін саралаймыз.

Коммерциялық қызмет субъектілері компанияның меншік формасымен, ішкі құрылымымен және көлемімен ерекшеленеді. Сенім серіктестігі деп аталатын сенімдегі серіктестік – басқарудың құрамына бірнеше заңды тұлғалар кіретін кәсіпорындардың бір түрі. Мұндай ұйымдардың басты ерекшелігі-кез-келген ақша қаражатын компанияның жарғылық қоры ретінде пайдалану мүмкіндігі. Мұндай кәсіпорындардың табысы мен шығындары серіктестіктің барлық қатысушыларының

инвестицияларының пропорцияларына сәйкес бөлінеді. Бұл мақалада біз қарастырылып отырған қатысушы субъектінің құқықтық құрылымының негізгі ерекшеліктерін талқылауды ұсынамыз.

Нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, бұл коммерциялық қызмет субъектісі қолданыстағы заңнаманың ережелерін бұзбайтын кез-келген салада бизнес жүргізе алады. Мұндай ұйымның басқару буынының құрамына заңды тұлғалар кіреді. Салымшылар ретінде жеке азаматтар мен командир мәртебесін алатын үшінші тарап ұйымдары әрекет етеді. Бұл кәсіпорындардың ішкі қорына мүшелік жарналарға негізделген капитал кіреді.

Құрылтай кеңесі ретінде қызмет ететін толық мүшелер капиталдың пайыздық мөлшерлемесін және инвестор ретінде әрекет ететін адамдардың санын белгілейтін "құрылтай келісімін" құрайды. Айта кету керек, бақылаушы органдар осындай компанияларға бірқатар талаптар қояды. Белгіленген ережелерге сәйкес, командирлердің жалпы саны жиырма адамнан аспауы керек. Мұндай ұйымды құру үшін құрылтай кеңесі кем дегенде екі заңды тұлғаны қамтуы керек.

Құрылтай кеңесінің мүшелері компанияның функциялары үшін қаржылық, борыштық және салықтық жауапкершілікке ие. Осыдан қарыздық міндеттемелерді жабу үшін компанияның материалдық құндылықтарын да, оның иелерінің жеке мүлкін де пайдалануға болады деген қорытынды жасауға болады. Толық емес мүше ретінде әрекет ететін адамдар бизнесті басқаруға қатыса алмайды. Бұл тұлғалардың жауапкершілігі жалпы бизнеске салынған инвестициялардың мөлшерімен шектеледі[1].

Қарастырылып отырған құқықтық нысанның басты ерекшелігі-инвестор ретінде әрекет ететін адамдар үшін тәуекелдерді азайту. Мұндай ұйымды құру ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өз бизнесіне қосымша капитал тартуға мүмкіндік береді, ол жаңа нарықтарды игеруге және компанияны ілгерілетуге бағытталады.

Толық серіктестік пен сенімдегі серіктестік бір топтың құрамына кіреді. Сенімдегі қоғамның басты айырмашылығы-оның құрылымы, ол екі топтан тұрады. Мұндай компанияларды толық серіктестік мәртебесін алатын құрылтайшылар жасайды. Құрылтай кеңесі мүшелерінің бірінші міндеті экономикалық белсенділік үшін қажетті қаржы ресурстарының көлемін анықтау болып табылады. Фирманы құру үшін құрылтайшы ретінде әрекет ететін адамдар қалыптастыратын "құрылтай шарты" қолданылады. Айта кету керек, "сенімдегі серіктестік" жағдайында компанияның ішкі жарғысын құру қажеттілігі жоқ[1]. Қарастырылып отырған бизнес нысаны компания ішіндегі бақылаушы және атқарушы құрылымдардың толық болмауын білдіреді.

Толық серіктестер серіктестіктің борышы бойынша өздерінің барлық мүліктерімен ортақтасып жауап береді, ал салымшылар өздерінің салған салымдарының шегінде ғана жауапты болады. Бұл ретте сенім серіктестігінің құрылтай құжаттарында салымшылардың толық серіктестіктердің салымын (салымының бір бөлігін) төлеу жөніндегі міндеттері көзделуі мүмкін. Егер салымшы сенім серіктестігінің мүдделерін көздеп, тиісті өкілеттісіз мәміле жасаса, оның әрекеттерін серіктестік (толық серіктестер) мақұлдаған жағдайда мәміле бойынша ол несие берушілердің алдында толық көлемінде жауап береді. Егер ол

мақұлданбаса, салымшы үшінші жақтың алдында заңдар бойынша өзінің ақы өндіріп алынатын бүкіл мүлкімен жеке жауап береді. Сенім серіктестігінің ісін басқаруды толық серіктестер жүзеге асырады. Салымшылардың сенім серіктестігінің атынан сенімхатсыз әрекет жасауға құқығы жоқ. Сенім серіктестігі салымшыларының толық серіктестердің серіктестік ісін басқару жөніндегі іс-әрекетін даулауға құқығы жоқ[2, 63б.].

Сенімдегі серіктестіктің салымшысы бизнестен түсетін табыстың белгілі бір бөлігін алуға құқылы, оның мөлшері оның ішкі қордағы үлесіне сәйкес анықталады. Ақшалай қаражатты беру тәртібін Құрылтай шартын жасасу кезінде толық мүшелер келіседі. Сондай-ақ, осындай ұйымдардың салымшыларына қаржылық есептілікті және компанияның шаруашылық қызметінің нәтижелілігін көрсететін құжаттарды алуға рұқсат етіледі. Айта кету керек, сеніммен серіктестіктен қаржы жылы аяқталғаннан кейін ғана шығуға болады. Берешектің шығу және өтеу тәртібі құрылтай құжаттамасымен айқындалады. Қарастырылып отырған құрылымның әрбір салымшысына өз үлесін үшінші тұлғаларға және серіктестіктің басқа мүшелеріне беруге немесе сатуға заңды құқық беріледі.

Толық серіктестіктер мәртебесіне ие құрылтай кеңесінің мүшелері бизнесті дамыту әдістері туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл дегеніміз, бұл тұлғалардың экономикалық қызмет туралы ақпарат алуға және алынған кірісті бөлуге заңды негіздері бар. Құрылым таратылған жағдайда, аталған тұлғалар салымшылар, қаржы мекемелері, бақылаушы органдар мен контрагенттер алдындағы берешекті өтегеннен кейін қалған мүлктік құндылықтарды алады. Салымшылардан айырмашылығы, толық серіктестер кез-келген уақытта құрылтай кеңесін тастап кетуге заңды құқылы[3, 210б.].

Сенімдегі серіктестік және толық серіктестіктер шаруашылық серіктестіктер санатына жатады. Шаруашылық серіктестік өз мүлкін барлық қолда бар міндеттемелерді жабу үшін пайдаланады. Компанияның активтері дебиторлық берешекті жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, несие берушінің қоғамның бір немесе барлық құрылтайшыларынан қарыздарды өндіріп алуға заңды негіздері бар[3, 456.].

Толық серіктестер құрылтай кеңесінің құрамына кірмеуі мүмкін екенін ескеру маңызды. Алайда, бұл тұлғалар осы тұлға серіктестіктер қатарына кіргенге дейін пайда болған қаржылық міндеттемелер бойынша да субсидиарлық жауаптылықта болады. Құрылтайшы серіктестіктен шыққаннан кейін екі жыл ішінде ол компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша жауапкершілікті жалғастырады. Бұл ереже ағымдағы заңнамамен реттеледі.

Сенім серіктестігінің тек Қазақстан Республикасында ғана емес, ТМД мемлекеттері арасында қатты сұранысқа ие еместігі, бұл заңды тұлғаның құрылымының, құқықтық жағдайының ерекшелігін атап өтуге болады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі  
(жалпы бөлім) (2022.24.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2. Лепесова А. К. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012 . – 232 бет.

3. Гражданское право. В 2 т. Т.1. Учебник / Отв. ред. проф. Е.А. Суханов. М., 2003, 221-б.

**Beisegul Dina Talgatkyzy**  
senior lecturer

**Aliyeva Marta Bakytzhanovna**  
candidate of philological sciences

## CONSEQUENCES OF ONLINE EDUCATION

Quarantine has caused destruction and devastation worldwide in ways nobody could expect. The world in one way or another came to inaction. So life as we knew it changed. And this change became the new constant. Educational institutions took to online teaching. The start of this change felt rather very enticing for the students with not having to rush and get ready to reach the institutions, and being in the comfort of their homes. However, this peace didn't last as long.

If we want to emphasize some influences of technology and evolution in online education, learning is asynchronous or synchronous or a combination of both. Asynchronous learning is teaching and learning that do not happen at the same time [1], while synchronous learning refers to teaching and learning that happen at the same time, both of which are conducted through technologies such as Internet. When online education began in the late 20th century, most online programs and classes were synchronous and used chat rooms, instant messaging, and texting. Both chat rooms and instant messaging, being synchronous, allow users to decide who participates in the conversation.

The invention of @ symbol in 1972 for use in email [2], and the advent of the World Wide Web (WWW) in 1991 for the Internet connectivity have been the latest adapted by online education.[3] The universal use of web sites has provided opportunities for the development of online communities and groups. Emailing, conferencing, chatting, working together via Google drive, Google doc, Google hangout, dropbox, facebook, Twitter, etc. have been widely used in online classrooms.

Online education can be categorized by its users: 1) University-Based Online Education, whose users are individuals enrolled in universities for the purpose of obtaining degrees and diplomas; 2) Massively Open Online Courses (MOOC) (some termed Massively Open Online Class), whose users are self-motivated individuals and whose programs are based on their learning goals, prior knowledge and skills, and similar interests [4]. In general, students in the United States enroll in universities where online course formats have been added to already-existing classroom-based courses. At those institutions two modes of online classes are usually offered – fully online courses (not taught in bricks-and-mortars classrooms), and blended/hybrid courses (a combination of face-to-face and webbased and technology-oriented format). Students

in these two modes of online programs are granted credits, degrees, and certificates when they complete required courses and internships.

There is given Table 1 lists some popular online education initiatives. Although these initiatives are booming exponentially, the debate remains about whether corporate-based online-education initiatives have the credentials to grant credits and degrees to individual learners who have completed their online courses.

Name	Sponsor	Year founded	Fees
Coursera	Joint efforts by Princeton University, Stanford University, University of California Berkeley, University of Michigan-Ann Arbor, & University of Pennsylvania	2011	Private
eduMOOC	University of Illinois Springfield	2011	Free
edX	Harvard University & MIT	2012	Non-profit
iTunes U	Apple Corporation	2012	For-profit
Minerva	Minerva project and Keck Graduate Institute (KIG). (Larry Summers, former Harvard University President & United States Secretary of the Treasury, chaired its first advisory board)	2012	Private
Saylor	Michael J. Saylor (Chairman, CEO, & President of the business intelligence company MicroStrategy)	2008	Non-profit
TED-Ed	Sapling Foundation	1984	Private Non-profit
Udacity	Sebastian Thrun	2012	For-profit
Udemy	Eren Bali	About 2010	Some are free; some are for a tuition fee
University of the People	Shai Reshef (educational entrepreneur)	2009	Non-profit

[5]

Online education has taken a huge toll on the mental and physical health of students as well as their teachers. Firstly, I want to concern how online education affected on mental

health. First reason is **lack of interests, because today students are impacted by technology, it means gadgets, smart phones. We know that** humans are social animals, and the most introverted ones also need to see faces and have human interactions once in a while. The children and students have grown to lose interest in their classes. Most of them switch off the camera and go about their other activities. And we see it during the quarantine. The lethargy has inculcated the loss of interest in not only the studies but everything overall. The pressure of after-school homework and assignments has triggered a great toll on the mental health and mood. The second one is **stress and anxiety**.

The concentration levels of students dropped in online learning as the eye meanders elsewhere on the screen. This in response made it difficult for most students to keep up with the teachings.

The pressure to concentrate and produce the required results has resulted in a great amount of stress and anxiety. Tasks, assignments, and homework slacked.

Most children were seen lagging behind and succumbing to the pressure. The mental state of the children was fragile and tampered with. So thirdly **it is Zoom fatigue.[6]**

Zoom fatigue refers to the exhaustion after having attended zoom classes, or video conferences. With the screen time increasing drastically, the mind is overwhelmed with information and the brain finds it rather difficult to register all the information.

Over involvement of parents also has added to the pre-existing anxiety and stress. Parents are confined to the walls of their houses and have taken it upon themselves to get extensively involved with their children.

Also online classes effect on physical health. For example, eyesight problems. Increased screen time has increased the strain on the eyes, resulting in major headaches. This was applicable not only to the students but also to teachers. On the one hand, lack of classroom ethics. The classroom ethics have been compromised to great lengths. The posture, regularity, lack of routine, attentiveness has all resulted in health hazards. Constant sitting has caused weight concerns as well.

No physical activity has made the students restless and frustrated. This too took a toll on the eating habits, thus resulting in damages to the physical health.

**Thirdly, we can consider as one of the reason of effects on physical health is bad ergonomics.** Human factors and ergonomics is the application of psychological and physiological principles to the engineering and design of products, processes, and systems.

Studying online has resulted in poor or bad ergonomics, thus resulting in a lot of issues as regards back pain and fibromyalgia pains.

**Also, the other reason is lack of physical activities.** The lack of physical activities has caused children to become obese. Thanks to binge eating and watching, it's only gotten worse.

Muscle spasms, muscle rigidity, and lack of calcium, etc. are all based on lack of physical activity.[7]

### **List of used literature:**

1. Yang, J., Yu, H., Chen, S. J., & Huang, R. (2014). Strategies for smooth and effective cross-cultural online collaborative learning. *Educational Technology & Society*, 17(3), 208-221.



2. Maloney-Krichmar, D., & Abras, C. (2003). History of emergence of online communities. In K. Christensen & D. Levinson (Eds.), Encyclopedia of community: From village to virtual world. Thousand Oaks: Sage Publication, 1023-1027.

3. Harasim, L. (2000). Shift happens: Online education as a new paradigm in learning. Internet and Higher Education, 3, 41-61.

4. McAuley, A., Stewart, B., Siemens, G., & Cormier, D. (2012). The MOOC model for digital practice. Retrieved from [http://www.elearnspace.org/Articles/MOOC\\_Final.pdf](http://www.elearnspace.org/Articles/MOOC_Final.pdf)

5. Mentoring and Tutoring: Partnership in Learning, 16(3), 311-327. Gallagher, S., & LaBrie, J. (2012). Online learning 2.0: Strategies for a mature market. Continuing Higher Education Review, 76, 65-73

6. Finch, D., & Jacobs, K. (2012). Online education: Best practices to promote learning.

7. Wang, Y. D. (2014). Building student trust in online learning environment. Distance Education, 35(3), 345- 359

**Бекбаева Меруерт Канатовна**

Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының аға оқытушысы

## **БЮДЖЕТТІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ**

Жаңа экономикалық шынайылық, әлемдік қаржы жүйесінің, қаржы нарықтарының жұмыс істеуінің тұрақсыздығы, мемлекеттік шығыстарды оңтайландыру және әлеуметтік-экономикалық саясатты түзету жөніндегі талаптарды қатаңдату жағдайында барлық елдерде бюджет жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және қаржылық қауіпсіздікке қол жеткізу мәселелері ерекше өзекті болып отыр. Халықаралық деңгейде мемлекеттік және жергілікті қаржыны тиімді және жауапты басқару қағидаттарын қолдану қажеттілігін мойындау нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде де, өтпелі және дамушы экономикасы бар елдерде де бюджеттік процесті жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін қолдануға әкелді. Осы тәсілдер шеңберінде бюджеттік процесті жүзеге асыру және қажетті бюджеттік реформаларды жүргізу салық-бюджет саясатын қалыптастыруға, мемлекеттік шығыстардың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету және бюджет қаражатын пайдалану нәтижелері үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында орта және ұзақ мерзімді бюджеттік жоспарлауды пайдалануға бағытталған.

Соңғы онжылдықтарда дамыған және өтпелі экономикасы бар көптеген елдерде бюджеттік процесті жүзеге асырудың жаңа тәсілдері мемлекеттік (жергілікті) қаржыны басқару жүйесін және оның элементтерін реформалаумен байланысты болды:

- бюджеттік жоспарлау және болжау;
- бюджет қаражатын жедел басқару;
- мемлекеттік (жергілікті) қаржылық бақылау.

Реформа тиімді және жауапты басқару қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылды. Шетелде бюджеттік процесті жаңартудың құқықтық негізі халықаралық ұйымдар (ХВҚ, Дүниежүзілік банк, ЭЫДҰ), Еуропалық Одақ ресми түрде қабылдаған кодекстер, ұсынымдар, ережелер, рәсімдер және мемлекеттік және жергілікті қаржыны тиімді басқаруға бағытталған өзге де әдістемелік құжаттар болды [1, 55 б.].

Бюджеттік реформаларды жүргізу бөлігінде әзірленген халықаралық құқықтық актілер мен әдістемелік материалдардың көптігіне және оларда ашылған мемлекеттік қаржыны тиімді басқарудың аспектілеріне қарамастан, халықаралық ұйымдардың құқықтық нормалары мен әдістемелік ұсынымдарында бірқатар жағдайларда бюджет тұрақтылығын, бюджет процесінің ашықтығы мен тиімділігін бағалаудың әртүрлі тәсілдері қолданылады. Әлемдік тәжірибеде бюджеттік реформаларды жүргізудің бірыңғай қағидаттары мен тәсілдерінің, елдердің экономикалық дамуының әртүрлі деңгейінің, саяси және өзге де факторлардың болмауы бюджет процесін реформалауға әртүрлі тәсілдерді қолдануға негіз болды.

Бюджеттік процестің реформалары мемлекеттік қаржыны тиімді басқару (Effective Public Financial Management) тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шет елдерде жүргізілді және жүзеге асырылуда. Бұл тұжырымдама бюджет қаражатын барынша тиімді пайдалануға, мемлекеттік (жергілікті) қаржы саласындағы ашықтық пен есептіліктің жоғары деңгейіне және ұзақ мерзімді экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған. Бюджеттік процесс шеңберінде осы тұжырымдаманы қолданудың шетелдік тәжірибесін сипаттай отырып, мемлекеттік (жергілікті) қаржыны тиімді басқару тұжырымдамасын іске асырудың төрт негізгі моделін бөліп көрсетуге болады, оларды жүзеге асыру барысында бюджеттік процесс жетілдіріледі.

Олардың кейбіріне тоқталайық.

Шетелдік әдебиеттерде бірінші және жиі зерттелетін модель – жаңа қоғамдық (мемлекеттік) қаржылық менеджмент (Effective Public Financial Management, NPFM) - мемлекеттік басқару теориясын қайта қарау және мемлекеттік басқарудан және мемлекеттік-әкімшілік басқарудан нарықтық принциптер бойынша мемлекеттік басқаруға көшу, яғни нәтижелерге бағытталған басқару нәтижесінде қалыптасты. Бұл модель 1980-ші жылдардан бастап бірқатар елдерде (Ұлыбритания, АҚШ, Жаңа Зеландия, Канада, Франция, Германия, Жапония және т.б.) және кейбір дамушы елдерде іс жүзінде қолданыла бастады. Оны іске асыру барысында қоғамдық секторды басқарудың өзге де тәсілдері пайдаланылады, басқарудың жаңа әдістері мен құралдары енгізіледі [2, 53 б.].

Осы модельдегі бюджеттік процесс шеңберінде:

- бюджеттік процеске қатысушылардың мемлекеттік (жергілікті) қаржыны басқару құқығы іске асырылады;
- олардың қаржылық жауапкершілігі мен қоғамға есеп беру қажеттілігі атап өтіледі.

"Жаңа мемлекеттік менеджмент" моделінде мынадай бес негізгі элементті іске асыру көзделеді:

- 1) қаржылық есептілік жүйесіндегі өзгеріс (қолма-қол ақша қаражатын есепке алуға негізделген есептеудің кассалық әдісінен есептеу әдісіне көшу);

2) бюджеттерді орталықсыздандыру;  
 3) нарықтық шығындар мен баға жүйелерін пайдалану;  
 4) Үкіметтің, мемлекеттік (жергілікті) құрылымдардың, бағдарламалардың, бюджеттік мекемелердің және мемлекеттік корпорациялардың қызметіне бағалау тәсілін қолдану;

5) ұсынылған мемлекеттік (жергілікті) қызметтердің сапасы ғана емес, сондай-ақ алынған қоғамдық әсерлер (әл-ауқат, қауіпсіздік деңгейіне әсер ету немесе қоғамдық игіліктермен қамтамасыз ету) тұрғысынан тікелей экономикалық тиімділікті де, нәтижелілікті (пәрменділікті) бағалауды да қамтитын ішкі және сыртқы аудит негізінде тиімділікті бағалау.

*Кесте 1. Шет елдерде бюджеттік саясатты жетілдірудің құқықтық негіздері*

Құқықтық актілер	Мәртебесі	Құқықтық реттеудің мақсаты
Тұрақтылық және экономикалық өсу туралы келісім. Еуропалық Одақтың қосылған елдерге қатысты қаржылық бақылау ережелері	Тұжырымдалған қаржылық нормалар заңды күшке ие және ЕО-ға мүше барлық елдер үшін міндетті болып табылады	Қаржылық тұрақтылық, қаржылық тәртіп, орта мерзімді перспективада үкімет бюджетінің жай-күйі
Бюджет-салық саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі тиісті практикалық кодексі. Бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша оңтайлы тәжірибе (ЭЫДҰ). Басшылық бақылау қағидаттарының Лима декларациясы (ИНТОСАИ). Ұлттар Достастығының қоғамдық қағидаттарын басқару реформасын жүзеге асырудың басшылық қағидаттары	Бюджеттік жүйенің ашықтығын, орнықтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету және бюджеттік реформаларды табысты жүргізу мақсатында бюджеттік процесті оның барлық кезеңдерінде ұйымдастырудың тиісті тәжірибесін айқындайды. Орындау үшін міндетті емес	Мемлекеттік және жергілікті қаржыны басқарудың үздік тәжірибесін енгізу үшін бюджеттік реформаларды іске асыру барысын регламенттеу. Осы құқықтық нормалардың сақталуы халықаралық қаржы ұйымдары тарапынан қаржылық қолдауға сенетін елдерде ерекше маңызды
ЭЫДҰ-ның қоғамдық қаржыны басқарудың заманауи әдістеріне көшу жөніндегі басшылығы (Азия Даму Банкі). Тиісті тәжірибенің Ұлттық кодекстері (мысалы, Ұлыбритания министрлігінің Халықаралық даму бойынша тәжірибе жөніндегі Нұсқаулығы)	Олар, ең алдымен, өтпелі экономикасы бар елдер мен дамушы елдер үшін әзірленді, онда мұндай ұйымдардың қаржылық көмегі мен қолдауы айтарлықтай маңызға ие. Ұсынымдық сипатқа ие	Мемлекеттік және жергілікті қаржыны басқарудың қазіргі заманғы қағидаттарына көшу кезінде өтпелі экономикасы бар елдерге және дамушы елдерге жәрдем көрсету
Ескерту - [3] әдебиет негізінде құрастырылған		

Сонымен бірге, осы модель элементтерін іске асырудың толықтығы, уақыт кезеңі және тиімділігі әр түрлі елдерде әр түрлі, бұл олардың дамуының саяси, экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты. Алғашқылардың қатарында бұл модельді толығымен қолданған елдердің ішінде Жаңа Зеландия, Австралия және Ұлыбританияны атауға болады. Бұл ретте Австралияда мемлекеттік

(жергілікті) қаржыны басқаруды реформалау және бюджеттік процесті жетілдіру барысында министрліктер қызметінің нәтижелілігіне және бюджетті құруға баса назар аударылады. Ұлыбритания мен Канадада ірі салалық шығындар бағдарламаларын бағалау құралдары құрылды. Жаңа Зеландияда, керісінше, ең алдымен, бюджеттік ұйымдар қызметінің нәтижелілігін бағалауға негізделіп, тиімділікті бағалауды мемлекеттік органдар деңгейіне, ірі салалық бағдарламаларға және жалпы бюджетке дейін кеңейтті. Кейбір елдерде (Ирландия, Сингапур) жүргізіліп жатқан мемлекеттік реформалар осы модельдің жекелеген элементтерін ғана пайдаланды [4, 281 б.].

Қазақстанның бюджет саясатын жетілдіру үшін мынадай негізгі бағыттар ұсынылды:

- экономиканың шикізаттық емес секторын, ең алдымен экономиканың нақты секторы кәсіпорындарының инновациялық қызметін, халықаралық бәсекелестікті және елдер арасындағы капиталдың еркін ағынын күшейту жағдайында дамытуды ынталандыру. Осыған байланысты, мемлекет тарапынан инновациялық өндірістерді қолдау үшін инновациялық қызмет субъектілеріне инвестициялық жобалар сияқты салықтық преференциялар беру қажет. Атап айтқанда: кәсіпорын жобалық қуатқа шыққанға дейін ҚҚС, мүлік салығы және жер салығынан босату. Шағын бизнесте инновациялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар лизинг бойынша жабдықтар мен технологияларды сатып алу және франчайзингтік қатынастарды кеңінен тарату есебінен де жасалуы мүмкін;

- қолайлы инвестициялық ахуал құруды ынталандыруға және ішкі және сыртқы жеке инвестицияларды тартуға арналған салық саясатын жүргізу;

- бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту;

- мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға бағытталған осындай салық саясатын іске асыру.

Бюджеттік шығыстар саясаты бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында көзделген ең жақсы тікелей нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару жолымен мемлекеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруға бағытталуға тиіс. Осы мақсатта тиімділік пен нәтижелілік индикаторларына негізделген бюджетті қалыптастыру және атқару жүйесі, сондай-ақ жетекшілік ететін салада/сферада/өңірде стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу дәрежесін айқындауға, тікелей, түпкілікті нәтижелер және тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге (қол жеткізбеушілік) мүмкіндік беретін орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызды қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі жұмыс істейтін болады [5, 312 б.].

Қазақстан Республикасының 2022-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеті экономиканың барлық салаларын жаңғыртуға, инновациялық индустрияландыруға, жеке кәсіпкерлікті ынталандыруға, адам капиталы сапасын арттыруға және әрбір қазақстандықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағдарланған әлеуметтік-экономикалық саясаттың мынадай түйінді басымдықтарын іске асыруға бағытталатын болады:

- теңгерімді фискалдық саясатты жүргізе отырып, мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету, салық салынатын базаны кеңейтуді ынталандыру, кедендік әкімшілендіруді жақсарту, бюджеттік шығыстарды ұтымды ету, фискалдық орталықсыздандыру, сондай-ақ мемлекет пен Ұлттық қордың міндеттемелерін тиімді басқару;

- тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізумен, ұзақ мерзімді кредиттеуді кеңейтумен және банк жүйесін макропруденциалдық саясат құралдарымен нығайтумен, инвестициялық ахуалды жақсартумен және қор нарығын дамытумен, сондай-ақ халықтың қаржылық сауаттылығын арттырумен қаржы жүйесінің тұрақтылығын қолдау;

- инновациялық даму, цифрлық технологиялар және кеңістіктік даму синергиясымен, мемлекеттік қолдаумен, сондай-ақ "қарапайым заттар экономикасын" дамытумен индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеу және іске асыру;

- мемлекеттік қолдау құралдарын дамыта отырып, инвестициялық заңнаманы және институционалдық ортаны жетілдіре отырып, сондай-ақ рентабельді жобалар мен бәсекеге қабілетті кәсіпорындарға бағдарлау арқылы инвестицияларды ынталандыру;

- мемлекеттік қызметтерді бизнеске беру, реттеуді ЭЫДҰ елдерінің стандарттарына сәйкес келтіру, бәсекелестікті дамыту және экономикаға жеке капиталды тарту арқылы кәсіпкерлер үшін шығындарын қысқарту;

- бизнесті қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды пайдалануға ынталандыру және көлеңкелі айналымды қысқарту, салықтық және кедендік ақпараттық жүйелерді интеграциялау шеңберінде әкімшілендірудің ашықтығын арттыру арқылы бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан қорғауды арттыру;

- білім беруді, ғылымды және денсаулық сақтауды барлық көздерден қаржыландыруды ұлғайту;

- әлеуметтік көмекті тағайындау рәсімдерін оңайлату және проактивті форматқа көшіру арқылы халықты әлеуметтік қорғауды жаңғырту.

Бюджет саясатының негізгі міндеттері экономиканың өсуін ынталандыру және қолдау, мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету және орнықтылығын нығайту, адам капиталы сапасын арттыру үшін жағдайлар жасау болады.

Қойылған мақсаттарға сүйене отырып, бюджетті шоғырландыру және бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету, әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау, фискалдық орталықсыздандыруды жалғастыру орта мерзімді кезеңге арналған бюджет саясатының басымдықтары болады.

Мемлекет қатысатын кәсіпорындарды жекешелендіру және бәсекелестік ортаға беру де салық базасын кеңейтуге және бюджеттің шығыс бөлігіне жүктемені азайтуға ықпал ететін болады.

Сыртқы мемлекеттік борышты төмендету және квазимемлекеттік сектор борышының өсуіне жол бермеу бөлігінде бюджеттік тәртіпті сақтау да қаржылық тұрақтылықты қолдауға қызмет етеді.

Адам капиталы сапасын жақсарту мақсатында бюджеттік саясат әлеуметтік міндеттемелердің басымдылығын сақтай отырып, білім беруді, ғылымды және

денсаулық сақтауды қаржыландыруды ұлғайтуға бағытталатын болады.

Экономика конъюктурасының өзгеруін және салық төлеушілердің ұсыныстарын ескере отырып, салық саясатын жетілдіру жалғастырылады. Орта мерзімді кезеңде салық түсімдерін ұлғайтуды қарау және салық төлеу рәсімін оңайлату жоспарланып отыр.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шмиголь Н.С. Современные подходы к совершенствованию бюджетного процесса в зарубежных странах // Финансы и кредит. - №14 (638) – 2015. – С.55-68
2. Лебединская Е. Повышение эффективности основная задача бюджетной политики / Е. Лебединская // Экономист. - 2011.-№2. - С.51-62
3. Улюкаева А.В. Проблемы государственной бюджетной политики: науч.-практ. пособие / А.В. Улюкаев; Акад. нар. хоз. при Правительстве РФ. - М.: Дело, 2014. - 543с.
4. Климова А.А. Повышение эффективности бюджетных расходов: учеб. пособие / под общ. ред. А.А. Климова; Акад. нар. хоз. при Правительстве РФ. - М.: Дело, 2016. - 517с.
5. Финансовые аспекты Третьей модернизации экономики Казахстана: Монография. / Под ред.д.э.н., профессора Н.К. Кучуковой. / Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева. – Нур-Султан, 2020. – 605с.

**Биржанова Культай Сулейменовна**  
доцент кафедры конституционного,  
международного права и  
таможенного дела  
ЕЮА имени Д.А. Кунаева

### **О РОЛИ ЖАЛАИРИ ОМРАЛИ ШАКАРАПУЛЫ В РАЗВИТИИ ЮРИДИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В НЕЗАВИСИМОМ КАЗАХСТАНЕ**

Распад СССР и обретение в этих непростых условиях независимости Республики Казахстан оказали определяющее влияние на дальнейший жизненный путь многих известных людей, в том числе и Жалаири Омрали Шакарапулы. Именно обретение государством своей независимости явилось толчком для свободного проявления духа, широких инициатив, мотивированного интереса к пробелам истории своего народа, в восстановлении исторической справедливости и государственности казахов, нравственных ценностях кочевой цивилизации. Понимание того, что без установления достоверных знаний путем углубленного исследования истории государственности, изучения наследия деятелей казахского

народа теряется прочная основа самостоятельного, независимого существования страны, достоинство его народа. Только такой пристальный подход давал понимание того, кто мы, наследниками кого мы являемся, налагая при этом, и определенную меру ответственности за настоящее и будущее страны.

Как известно, образ любого вуза формируется, в первую очередь, через призму деятельности его руководителя. Именно его деятельная и личностная сторона определяют целостное представление о возглавляемом им учебном заведении. Выразительным подтверждением такого примера является создатель и бессменный руководитель Евразийской юридической академии имени Д.А. Кунаева Омрали Шакарапулы Жалаири, доктор юридических наук, профессор, обладатель ряда званий и наград, признанный авторитет в системе высшего юридического образования в РК и в других странах ближнего и дальнего зарубежья. Жалаири О.Ш. не только талантливый организатор, видный общественный деятель, но, главное, отзывчивый, в равной мере доступный как студенту, так и любому сотруднику ректор. Благодаря этим качествам руководителя страна имеет устойчивый и востребованный современный вуз.

Юбилей Жалаири О.Ш. дает повод увидеть за его скромной внешностью крупную личность, сильного и волевого человека, внесшего собственный значительный вклад в развитие юридического образования в Казахстане.

Он одним из первых ощутил необходимость развития высшего образования в новых условиях, сделать его доступным для широких масс. Ведь в советское время получить высшее образование было многим недоступно, так как существовали только государственные вузы, неспособные удовлетворить потребности всех желающих. Одно только то, что оказавшись в одном ряду с миллионами рядовых граждан, он сумел не только принять изменившиеся обстоятельства как данность, но и увидеть перспективы развития страны через образовательный процесс, который следовало реформировать соответственно потребностям изменившегося мира. В это непростое время необходимо было сохранить ценности советской правовой школы и создать условия для формирования сознательного и свободного человека, способного в нашем ускоренном мире видеть проблему с практически немедленным включением полученных знаний, умеющего ставить задачу и находить способы их решения. На самом деле, самое трудное не только хотеть выстроить такую систему образования, а создать её. Только осознанное отношение и свободное выражение своего видения в направлении новой деятельности позволили ему решать задачи, поставленные всем ходом общественного развития в Казахстане. Решение задач, связанных созданием учебного заведения в новых социально – экономических условиях было невероятно тяжелым, но сильная мотивация, обусловленная данной потребностью, способствовала целенаправленной деятельности. От понимания фундаментальных задач, зависело состояние обучаемой молодежи. Это должно было относиться не только к профессиональной подготовке, но и формирования людей с развитым

современным мышлением и высокой культурой, базовым началом которых является уважительное отношение человека к человеку, понимание каждым ценности каждого как для себя, так и общества в целом. Реализация данной задачи в полной мере имело отношение к вузам, готовящих будущих юристов, специалистов, которые больше чем кто – либо должны были работать в структурах государства и общества. В действительности, от деятельности юристов зависит качество жизни людей и это не является преувеличением. В силу специфики профессиональных знаний, они призваны оказывать помощь, защиту, давать советы. Понимание этих задач вело к тому, чтобы учебный процесс был встроены в социальную политику.

В первую очередь, следовало поднять уровень общей культуры, научить работать в коллективе с тем, чтобы каждый в его составе научился понимать значимость каждого другого, с участием которого и вместе можно добиваться нужных результатов. Стратегический расчет заключался ещё и в том, чтобы одновременно содействовать развитию активной жизненной позиции молодого человека, столь необходимой для динамично развивающегося общества.

В этом отношении следует отдать должное прозорливости и настойчивости профессора Жалаири О.Ш., которому удалось создать школу юридических знаний с одновременной практической реализацией их в системе дуального обучения с привлеченными практикующими юристами в стенах самой Академии. Не смотря на то, что юридическое образование приобретало явный прикладной характер, приоритет теоретических дисциплин не потерял своей значимости, как известно, «без теории, брат, практика мертва». Теоретические знания являются не «теорией чистой воды», а отражением реальной жизни, протекающей за окнами наших аудиторий, не говоря об отраслевых дисциплинах. Они наделяют необходимыми юридическими знаниями, объективными, научно обоснованными представлениями о мире, обществе, государстве, праве. О нас, как о народе, гражданине, личности и человеке. Формирует основные правовые категории и понятия, которые в сжатой форме, как формулы жизни, показывают смысл и назначение рассматриваемых государственно - правовых явлений. Эти понятия и категории постоянно сопровождают нашу жизнь. Владение знаниями о них становится особо актуальным в настоящее время, когда происходит неизбежное формирование всеобщего понятийного аппарата правовых знаний, унификация представлений о правовых явлениях в разных правовых системах. Поэтому основным достижением современной юридической науки и юридического образования следует считать теоретическое обоснование обеспечения государством общественного согласия через защиту интересов членов общества, определения справедливых условий совместной жизни на основании правовых законов. Одним из которых является определение народа как источника власти, творца и носителя естественных прав человека, понимание значимости которого преобразует целые политические системы и приносит свободу всему обществу.

Права человека представляются не как абстракция, а конкретные естественные условия его существования, где пределы допустимой свободы в исторически обусловленных социально - экономическими и морально - нравственными устоями



общества не нарушают прав других людей. Различение прав человека и прав гражданина исходит из их соотношения как сущего и должного. Юридическое образование, состоящее из обобщенных и достоверных знаний об определенных процессах и явлениях действительности, предлагает целую систему способов и методов использования этих знаний в общественной практике. Они являются чрезвычайно важным в усвоении государственно - правовых явлений, формирующихся в условиях многообразия форм собственности, различных общественных объединений, средств массовой информации, социальных норм и форм общественного сознания. Ценность научных, практически обоснованных правовых знаний состоит в том, что они определяют теоретическую базу юридического образования и формируют понятийный аппарат правового сознания, отвечающего следующим современным требованиям:

1. Ориентировать содержание образования на самоопределение личности с созданием условий для её самореализации на уровне современных образовательных технологий;

2. Формировать профессиональное мышление, адекватное современному уровню знаний о государстве, праве, обществе и тенденциям мирового развития с интеграцией студентов в систему мировой и национальных культур;

3. Воспитывать гражданина, адаптированного к происходящим процессам либерализации экономики и системной трансформации государственной организации Казахстана.

Исходя из реалий современного Казахстана, его социально-экономических, национально-культурных основ, политических отношений, концепция формирования гражданского общества в форме правового государства и его социального типа должна стать одной из важнейших социальных предпосылок к духовно зрелому обществу. Где фундаментальные ценности составляют - это человек, его жизнь, права и свободы. Концептуальный образ демократической политико – правовой культуры достаточно ясно выражен в статье 1 Конституции РК, в которой целый категориальный аппарат, начиненный определенными, систематизированными, апробированными в ходе формирования и развития демократических государств, знаниями и представлениями об общественном устройстве. Так, указывая на правовой характер государства, законодатель подразумевает возникновение и развитие гражданского общества, поскольку известно, что правовое государство без гражданского общества не может существовать. В свою очередь, возможность развития гражданского общества, зависит от состояния прав и свобод человека в стране. Признание и гарантии естественных прав и свобод человека являются необходимыми условиями устойчивого динамичного развития общества, а, следовательно, и государства. Идеологический процесс означает внесение в сознание личности, социальной группы, общества определенных идеологических воззрений, которые выступают в виде специфических форм отражения общеисторического развития и специально выработанных с целью распространения соответствующего нормативного выражения закономерностей управления, свойственных данному обществу. Следуя такому подходу, право объективно, через проявление идеологической функции,

осуществляет управление общественно – историческими процессами, которое может быть определено как целенаправленное, на основе соответствующей информации, упорядочение системы, приведение её в соответствие с объективными закономерностями развития данного общества

Сегодня юридическое образование, как одно из гуманитарных направлений развития нашего общества, важно не столько ради знаний о государстве и праве. Более, для формирования системы общественных отношений, в которой участники глубоко осознают, что естественное стремление к проявлению воли и политической свободе, без надлежащего правового обеспечения грозит устойчивости ряда демократических преобразований.

Под влиянием правовых знаний у человека вырабатывается механизм контроля, с помощью которого определяются приемлемые и неприемлемые для него и общества импульсы.

Назначение юридической науки и образования состоит в том, чтобы знания о закономерностях общественного развития, которые не лежат на поверхности, необходимо познавать, формулировать и передать людям, как ориентиры для более успешного достижения поставленных целей с экономным использованием материальных, духовных, физических сил общества и человека. Объективная реальность, в которой пребывает человек, определяется степенью свободы личности в его отношениях к природе, обществу, самому себе и может в значительной степени корректироваться государством, исходя из объективной логики общественного развития или интересов каких – либо социальных сил. Здесь заложена высокая значимость ценностей естественного права, через призму которых должно формироваться поколение юристов, способных к принятию рациональных решений и могущих помочь в их осуществлении.

Несмотря на определенную работу в государстве по правам человека, следует констатировать, что на настоящий момент в нашей стране среди широкой массы людей отсутствует понимание смысла и назначения института прав человека. Простой человек до сих пор остается в неведении о своих правах, а кто более или менее осведомлен о них, также могут находиться в зависимости от государственных служащих, которые в силу недостаточных правовых знаний, непрофессионализма или злоупотребления служебными обязанностями нарушают права человека и гражданина. Государственные служащие, особенно нижнего звена, недостаточно хорошо разбираются в правах человека, как признаваемых и охраняемых обществом и государством и мировым сообществом. Пока конституционное положение о правах человека не станет доминирующим в деятельности государственных органов и должностных лиц, мы не можем говорить о стабильности и успешном развитии общества, так как права человека являются его достоянием, мерилom его чести и достоинства.

В свете сказанного возрастает ответственность вузов при подготовке будущих юристов, призванных обеспечивать реализацию конституционных прав и свобод во всех сферах общественной жизни, выступать гарантом законных интересов человека, его объединений, общества и государства.

Здесь хотелось бы отметить усилия ректора Жалаири О.Ш., направленные

всестороннему развитию Академии с тем, чтобы достойно представлять юридическое образование за рубежом и на рынке образовательных услуг в стране. У Академии сложились прочные связи сотрудничества с органами прокуратуры, судебной системой, министерствами, различными государственными учреждениями, адвокатурой, родственными вузами, которые предоставляют различные площадки для прохождения студентами практики, участия в различных познавательных мероприятиях. В результате выпускники Академии являются востребованными, особенно в системе правоохранительных органов и в сфере гражданского права.

Понимание того, что главными критериями уровня социального развития государства являются качество жизни и достоинство каждого гражданина, которое напрямую зависит от степени правовой культуры, знания основ права, основных законов государства, расширяет сферу деятельности Академии. В академии успешно действуют юридическая клиника, волонтерское движение студентов по оказанию бесплатной юридической помощи населению, несовершеннолетним, оказывают шефскую помощь школам, детским домам. В основе этой деятельности лежит понимание того, что знание юридических прав и обязанностей составляет основу правовой социализации, определяющей характер взаимоотношений между людьми, гражданином и представителем государственной власти, родителями и детьми, работником и работодателем, общественными объединениями и государством и другими субъектами общественных отношений. Со знанием этих норм общество и государство всегда связывали устойчивость и предсказуемость складывающихся общественных отношений.

Каждый значимый человек в период исторических изменений в стране отличается тем, какими способностями он обладает, которые делают его наиболее подготовленным для служения общественным нуждам своего времени. Вот таким человеком на своем месте служения интересам общества и государства является Жалаири О.Ш., которого мы поздравляем с юбилеем и желаем новых достижений в работе, крепкого здоровья и оставаться, как прежде, самым демократичным ректором!

**Дегенбаев Аян Абдельдабекович**

**Шоманов Болат Шаймолданович**

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Академиясы

## **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ТЕРРОРИЗМНІҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңында: «ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер – Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін іске асыруға кедергі келтіретін немесе кедергі келтіруі мүмкін сыртқы және ішкі факторлардың (процестер мен

құбылыстардың) жиынтығы» деген анықтама берілген [1]. Қазіргі кезде ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін осындай факторлардың қатарына діни экстремизм пен терроризмді жатқызуға болады. Бұл ХХ-ХХІ ғасырлар аралығында Қазақстан аумағында діни фактордың рөлі мен ықпалының өзгеруімен байланысты.

Соңғы онжылдықтарда Қазақстанда дін ұстану саласында мүдделердің тұрақты теңгерімі мен конфессияаралық тепе-теңдік орын алып, дін сенім бостандығы қамтамасыз етілсе де, діндерге қатысты жағдай күрделі деуге болады. Бұл бір жағынан қазақстандық қоғамның діни санасының өсуімен байланысты болса, екінші жағынан өздерінің саяси, әлеуметтік мақсаттарын дінмен ұштастыратын әртүрлі радикалды топтардың пайда болуымен байланысты. Жалпы діни фактор қоғамды біріктіретін, ұлттық дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртатын, бітімгерлікті жүзеге асыратын жағымды, конструктивті рөл атқаруымен қатар, қоғамда орын алатын шиеленістер мен дағдарыстарды тудыратын немесе ушықтыратын деструктивті сипат алуы да мүмкін. Ал саяси, әлеуметтік және экономикалық трансформациялар жағдайында діни фактор мемлекетішілік үдерістерге ықпал ететін қоғамдық өмірдің маңызды атрибутына айналады. Тарихи тәжірибеге сүйенсек, діни өмірге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеу, ол саладағы үдерістерді заңды негізде реттемеу әлеуметтік-саяси қақтығыстарды тудыруы, тіпті ұлттық мүдде мен ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін екенін байқаймыз. Сондықтан қазіргі кезде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде дінмен байланысты факторларға ерекше мән беру керек.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында (2022 жылғы 16 наурыз): «Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдыққа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз», - деп атап өткен болатын [2]. Ал радикализмнің, яғни орын алған әлеуметтік-саяси жүйені қатаң сынға алатын, қоғамдық институттарды түбегейлі, толық өзгертуді талап ететін көзқарастардың ең шеткі түрі – экстремизм мен терроризм.

Экстремизм термині латын тілінде *extremus* - «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, кандай да бір белгіленген шектен тыс кету деген мағына береді. Кең түрде алғанда шектен шыққан әрекеттерге (әсіресе саясатта) бару экстремизм болып табылады. Экстремизм – өзінің мақсаттарына жетуде ешбір норманы, тәртіпті мойындамайтын, шектен шыққан пікірлер мен іс-әрекеттерді жүзеге асырумен қатар жүретін, зорлық-зомбылықтың, өшпендіктің идеологиясы. Экстремизм саяси, этникалық, әлеуметтік, діни сипат алуы мүмкін.

Діни экстремизм дегеніміз қоғамға тән дәстүрлі құндылықтар, нормалар, мораль және құқық жүйесін жоққа шығару, сондай-ақ, дінді қалқан ете отырып, саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл жасау. Қазақстан Республикасының 2005 жылы қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында «Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерлендірілген құралым құруды, оған

басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыру (саяси экстремизм)», сондай-ақ «діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасау» экстремизм ретінде қарастырылған [3]. Іс жүзінде, діни экстремизм діни ілімді қатаң түсіндіретін және өз көзқарастары мен ілімдерін таратуда, қоғамға ықпал етуде, өз мақсаттарына жетуде шектен шыққан әдіс-тәсілдерді қолданатын кейбір діни ағымдар мен діни ұйымдардың, соларға қатысты жеке тұлғалардың ұстанатын идеологиясы мен іс-әрекеті. Олардың іс-әрекеті орын алған әлеуметтік болмысты теріс, болмауы керек деп қабылдайтын, ал қоғамды болуы керек дейтін немесе идеалды үлгіге сәйкес әлеуметтік мәжбүрлеудің барлық формаларын қолдана отырып, радикалды түрде өзгертуді талап ететін нақты фундаменталды діни тәжірибеге негізделеді. Қоғамның болуы керек дейтін немесе идеалды үлгісі сол діни тәжірибеден туындайды және әлемнің діни бейнесіне, сондай-ақ ұстанатын идеологияға сәйкес болады.

Діни экстремизмнің мақсаты – жалпы қолданыстағы діни жүйені немесе оның қандай да бір құрамдас бөлігін түбегейлі реформалау. Бұл мақсатты жүзеге асыру діни жүйемен байланысты қоғамдық өмірдің әлеуметтік, саяси, құқықтық, моральдық және басқа салаларын да толығымен қайта өзгертуді қажет етеді. Сондықтан діни экстремизм қоғамға тән дәстүрлі моральдық-этикалық құндылықтарды жоққа шығарады, жалпы адамзаттық құндылықтарға қайшы келетін дүниетанымдық ұстанымдарды уағыздайды, өздерінің діни тәжірибесінен туындайтын түсініктер мен нормаларды бүкіл қоғам үшін міндетті деп қабылдайды. Қазіргі кезде діни экстремизм осындай идеологияны ұстанатын діни және жалған діни ұйымдар мен топтардың таралуы түрінде көрініс табуда.

Зерттеуші Д.Б.Петров өзгеше ойлайтындарға, барлық өзге сенімдегілерге, әсіресе дін ұстанбайтындарға деген шексіз төзімсіздікті, өзінің ерекшелігін және басқалардан артықшылығын уағыздауды, ксенофобияны діни экстремизмнің басты белгілері ретінде қарастырады [4 34 б.]. Экстремистік діни ұйымдардың ұрандары, идеологиялық акциялары мен іс-әрекеттері көбінесе адамдардың ақыл-ойына, санасына емес, сезімдері мен наным-сенімдеріне бағдарланады. Олар адамдардың сыни тұрғыда емес, эмоционалды түрде қабылдауын, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді сөзсіз ұстануын, тобырдың жетегінде болуын негізге алады. Экстремисттердің қатал, қатігез іс-әрекеттері қоғамда қорқыныш сезімін тудыруға, әлеуметтік тұрақтылықты бұзуға бағытталады.

Экстремизмнің ең шектен шыққан формасы – терроризм. Терроризм (латын тілінде *terror* – қорқу, үрей туғызу) қоғамда үрей және дүрбелең тудыру мақсатында бір немесе бірнеше адамдардың жеке адамның және қоғамның тәртібін, тыныштығы мен қауіпсіздігін бұзатын іс-әрекеттер мен іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Заңгер – ғалым И.И. Карпец терроризмді адам өлтіру, өміріне қастандық жасау, ауыр дене жарақаттарын салу, құн төлету мақсатында адамдарды кепілдікке алу және орын ауыстыру, тұлғаны қорлау, азаптау, бопсалаумен және т.б. бірге күш қолдану арқылы адамдарды еркіндігінен айыру үшін арнайы ұйымдар мен топтарды құруға бағытталған халықаралық немесе мемлекетішілік, бірақ халықаралық сипаттағы (яғни екі немесе одан көп мемлекеттерді қамтитын) ұйымдастыру және басқа іс-әрекеттер жиынтығы ретінде айқындайды. Бұл қылмыс әдетте ғимараттарды, тұрғын үйлер мен басқа объектілерді қирату және тонаумен қатар жүреді [5, 64–98 б.]. Е.Г. Ляхов болса терроризмнің негізгі белгісі ретінде оның тек ұлттық қана емес, халықаралық құқықпен қорғалатын белгілі бір жалпыадамзаттық құндылықтарға қарсы бағытталынуын қарастырады [6, 98 б.]. Ал В.В. Витюк и И.В. Данилевич терроризмнің бірнеше түрін жеке бөліп зерттейді:

1) өз елінің экономикалық немесе саяси құрылымын түбегейлі немесе жартылай өзгертуді (сақтауды) мақсат ететін әлеуметтік немесе ішкі терроризм. Ол негізінен екі түрде – оңшыл және солшыл кездеседі. Олардың идеялық-саяси ұстанымдары өзара қарама-қайшы, бірақ қолданыстағы демократиялық жүйеге деген теріс қатынас оларды жақындастырады;

2) территориялық талаптар мен қақтығыстар негізінде туындайтын ұлтшылдық (этносепаратистік) тұрғыдағы терроризм. Көбінесе бұндай терроризмнің мақсаты – ірі мемлекеттік құрылымның құрамынан ұлттық қауымдастықты бөліп шығару және саяси тәуелсіздікке қол жеткізу, басқа ұлттық мемлекеттің (монополияның) диктатына қарсы күрес;

3) зайырлы билікті жойып, діни билікті орнатуға ұмтылатын бір дінді ұстанушылардың екінші дінді ұстанушыларға қарсы күресімен байланысты терроризм [7, 25–26 б.]. Бүгінгі таңда терроризмнің осы үш түрі іс жүзінде таза күйінде кездеспейді. Мысалы, әлеуметтік терроризм көп жағдайда ұлтшылдық тұрғыдағы және діни терроризммен астасып жатады. Ал терроризмнің ұлтшылдық тұрғыдағы және діни түрлері әлеуметтік терроризмнің ұрандарын жамылып әрекет етеді. Терроризмнің қандай түрі болмасын, басты мақсаты - мемлекеттердің, халықтардың бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасау, қоғамда дүрбелең тудырып, халық көп шоғырланған жерлерде кез-келген уақытта бүлік шығарып, зорлық-зомбылық жасау, өз билігін орнату.

Қазақстанда террористтік іс-әрекеттің алдын алу және оған қарсы кешенді күрес жүргізудегі негізгі міндеттің бірі оны құқықтық реттеудің негізін қалыптастыру болды. Осыған орай Қазақстан үкіметі 1999 жылдың 13 шілдесінде құқық қорғау органдарының терроризммен күресінің құқықтық және ұйымдастырушылық негізін айқындайтын «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылдады. Осы заңның 2 бабының 1 пунктінде: «Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзгеде нормативтік құқықтық актілерінен тұрады», - деп атап көрсетілген [8].

Сонымен қатар, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңның 3 бабында Қазақстан аумағында жалпы терроризмге қарсы жүргізілетін іс-қимылдың мақсаты

мен негізгі қағидаттары айқындалды. Заң бойынша Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті террористерден қорғау болып табылады.

Әрине, бұл салада құқықтық базаны жетілдіру, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнайы құрылымдардың жұмысын нығайту және жетілдіру, діни экстремизм мен терроризмді қаржыландырумен күресу жүргізу ең тиімді іс-шаралар кешені болып табылады. Алайда халық арасында ақпарат беру, түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу де өте маңызды. Бүгінгі ақпараттық қоғам жағдайында, Ғаламтор желісінде радикалды идеяларды тарататын, экстремизм және терроризмді насихаттайтын контенттердің көбеюі діни экстремизм пен терроризмнің профилактикасын виртуалды кеңістікте жүзеге асыру керектігін көрсетті. Қазіргі күрес ақпараттық күрес деуге болады. Сондықтан Қазақстан азаматтарының бойында экстремизм мен терроризм идеяларына қарсы түсінік қалыптастыру, радикализм идеологиясын жоққа шығару тиімді болуы үшін әртүрлі мамандарды, атап айтқанда діни қызметкерлер мен кәсіби психологтарды, әлеуметтанушылар мен зерттеушілерді, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерін жұмылдыру қажет. Ғаламтор желісінде, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында ашық және жасырын түрде экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын ресурстарды анықтау және оларды шектеу үшін арнайы бағдарламалармен, заманауи техникалық құралдармен қамтамасыз етуді жетілдіру керек. Сонымен қатар, көпконфессионалды Қазақстанның діни кеңістігінің қазіргі кездегі жағдайын қарастыра отырып, конфессияаралық қатынастың ең тиімді формасы ретінде дінаралық диалогты жандандыру, экстремизм мен терроризмнің алдын алуда Қазақстан аумағында ресми түрде тіркеліп, әрекет ететін конфессиялардың әлеуетін пайдалануға мән беру де маңызды. Өйткені екі немесе көпжақты конфессияаралық диалогтың мақсаты - әртүрлі дін өкілдері болып табылатын адамдарды жақындастыру, біріктіру, қоғамды толғандыратын мәселелердің шешімін бірлесе іздестіру болып табылады. Конфессияаралық диалогтың басты ұстанымдары – өзара құрмет, ашықтық, өзге дін өкілдеріне толерантты қарым-қатынас орнату, төзімділік таныту діни экстремизм пен терроризмнің профилактикасы саласында да жұмыс істейді. Бұл жұмыс қазақстандық патриотизм идеясын насихаттау, өз Отаны үшін мақтаныш сезімін оятумен қатар жүруі қажет.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы // [Электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауы // [Электронды ресурс] <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>

3. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 3 «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы // [Электронды ресурс] [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031\\_#z2](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_#z2)

4. Петров Д.Б. Профилактика религиозного экстремизма: теория и практика: учебно-методическое пособие. – Саратов: Издательство «Саратовский источник», 2018. – 85 с.

5. Карпец И.И. Преступления международного характера. М.: Юрид. лит., 1991. - 264 с.

6. Ляхов Е.Г. Терроризм и межгосударственные отношения. М.: Междунар. отношения, 2001- 212 с.

7. Терроризм в современном мире: Истоки, сущность, направления и угрозы / отв. ред. В.В. Витюк, Э.А. Паин. М.: Институт социологии РАН, 2003. -358 с.

8. Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы // [Электронды ресурс] [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416_)

**Дуйсенов Еркин Эрманович**  
з.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университетінің профессоры

## **ҚАЗАҚСТАН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ШЕБЕРІ**

Профессор Ө.Ш. Жалаири есімі Қазақстанның құқық ғылымының тарихына нық енді. Бүгінде ол отандық құқықтанудың шебері.

Биыл Қазақстанның заң қауымдастығы профессор мен қоғам қайраткерінің 80 жылдық мерейтойын атап өтеді.

Өмірәлі Шақарапұлы Жалаири – Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының Ректоры, атақты ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, педагог, қоғам қайраткері, Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының академигі, Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі (академигі), Ресей Федерациясы Петровск Ғылым және өнер академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құқықтық саясат жөніндегі мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі жұмыс тобының мүшесі (2017 ж.), Қазақстан Республикасы Криминологиялық қауымдастығының президенті және Ресейдің Криминалистер және криминологтар одағындағы Орта Азия мен Қазақстан атынан өкілі, Халықаралық заңгерлер одағының мүшесі, «Заңгерлер – әділ сайлау үшін» республикалық қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы, Ескелді ауданының және Алматы облысының Құрметті азаматы. Ол біздің еліміздің қазіргі прогрессивті ойлайтын ғалымдар мен қоғам қайраткерлері саңлақтары тобында ерекше орын алады.



Өмірәлі Шакарапұлы Жалаири 1942 жылы 27 қыркүйекте Алматы облысы Кербұлақ ауданы Беріктас ауылында дүниеге келген. 1963 жылы Ескелді ауданы Шұбар ауылындағы орта мектепті бітірген.

В Республике Казахстан с момента обретения независимости проводится целенаправленная работа по формированию современного комплекса прав и свобод человека и гражданина, созданию правового и институционального механизма их обеспечения, материальных условий реализации.

Конституцией Республики Казахстан 1995 г. утвержден полностью соответствующий международным стандартам набор прав и свобод, декларирован приоритет ратифицированных Республикой международно-правовых норм по отношению к внутригосударственным, по мере создания надлежащих условий постоянно расширяется перечень принимаемых на исполнение обязательств в данной сфере, совершенствуются действующее право и система государственных органов, образуются новые правозащитные подразделения государства.

19 сентября 2002 года Указом Президента Республики Казахстан специально в целях обеспечения гарантий защиты прав и свобод граждан в качестве независимого государственного органа учрежден Уполномоченный по правам человека [1]. При этом деятельность Уполномоченного по правам человека дополняет существующие средства защиты прав и свобод граждан, не отменяет и не влечет пересмотра компетенции иных государственных органов – Комиссии по правам человека при Президенте Республики Казахстан, Конституционного Совета, судов и прокуратуры, обеспечивающих охрану и восстановление нарушенных прав и свобод.

Действующим законодательством Республики Казахстан, в целом, подробно регламентирован статус Уполномоченного по правам человека. Вместе с тем эффективность данного правозащитного института в Казахстане всецело зависит от того, насколько государство и общество готово взаимодействовать с Уполномоченным по правам человека, прислушиваться к его рекомендациям, принимая или аргументировано отклоняя их.

Среди способов обеспечения прав и свобод человека и гражданина особое место занимает институт Уполномоченного по правам человека (омбудсмена), действующий дополнительно (субсидиарно) к существующим правозащитным институтам. Специфика конституционно-правового статуса этого института позволяет ему, во-первых, быть особым элементом защиты прав человека и гражданина, способствующим не только восстановлению нарушенных индивидуальных прав, но и искоренению общих дефектов функционирования административной системы, и, во-вторых, служить дополнительным средством парламентского контроля над исполнительной властью. Таким образом, две базовые ценности политической демократической теории, попытки реализации которых мы обнаруживаем в конституционном законодательстве и практике демократических стран, - права человека и ответственность власти – выступают системообразующими факторами деятельности института омбудсмена. По сути, решением этих взаимосвязанных задач обосновывается целесообразность создания рассматриваемого института.

Как верно подчеркивает Н.Ю. Хаманева, распространение института омбудсмена, включение его в конституционно-политическую систему ряда стран объясняется, прежде всего, постоянно растущим проникновением государства во все социальные области жизни общества, ростом административного аппарата [2, с.32].

Упрочение омбудсменовской идеи в мире – закономерный итог демократизации общества. Омбудсмен является дополнительным институтом по отношению к иным правозащитным механизмам, гарантом против нарушений прав граждан государственными органами и должностными лицами. Он представляет собой редкий тип государственно-правовых институтов, который, не изменяя своей основной природе и содержанию, обладает способностью к модификациям. Каждый омбудсмен работает в условиях, характерных для его страны.

Несмотря на существование в Казахстане целого ряда судебных, административных, политических (парламентский контроль) и общественных – (средства массовой информации) способов защиты прав человека, граждан в наше время недостаточно защищён от административных злоупотреблений. Вследствие этого возникает потребность в создании новых механизмов на базе современного законодательства, а также в усовершенствовании уже действующих и оправдавших себя на практике способов, позволяющих человеку незамедлительно и эффективно защищать свои права и интересы, нарушенные различными властными структурами [3].

Возникновению института Уполномоченного по правам человека (омбудсмена) также способствовало усложнение функций государства, а также рост числа видов государственной деятельности, неизбежным следствием которого является

увеличение числа работников государственного аппарата. Этой тенденции способствует и большое количество правовых норм и предписаний, информационный дефицит Парламента в отношении деятельности исполнительной власти, перегруженность судов. К тому же к государственной власти предъявляются более высокие требования. С одной стороны, она должна работать эффективно, а с другой стороны – справедливо, беспристрастно; государственный аппарат должен служить гражданину, его интересам, а не наоборот.

Создание института Уполномоченного по правам человека было ответной реакцией общества на рост административных функций государства и несовершенство административной системы. С точки зрения гражданина, омбудсмен представляет собой лицо, к которому можно обратиться в случае недовольства административным решением, процессом его принятия, а также действиями работников государственного аппарата.

Участие негосударственных структур в обеспечении прав и свобод граждан, позволяет по-новому рассматривать саму природу прав человека в условиях формирования в Казахстане гражданского общества. Стремление граждан и их объединений, негосударственных правозащитных структур и всего общества к обеспечению правовой защищённости личности, во взаимоотношениях человек - государство - общество, по нашему мнению, способно не только ускорить процесс формирования гражданского общества в Республике Казахстан, но и поднять на качественно новый уровень позитивную правовую свободу личности и правовую культуру населения страны.

В целях обеспечения прав, свобод и законных интересов личности, внедрение института Уполномоченного по правам человека как способа или инструмента защиты граждан от прямого вмешательства государства и его органов, с одной стороны и как института эффективного воздействия на государственный механизм, служащий обеспечению достойного и достаточного уровня жизни и свободы личности - с другой, является логичным.

Мы согласны с мнением Н.Ю. Хаманевой, что институт омбудсмена следует рассматривать как дополнительное, а не как альтернативное средство правовой защиты в системе иных механизмов, направленных на осуществление этой деятельности [4, с.192].

Создание учреждения Уполномоченного по правам человека (омбудсмена) в Казахстане явилось плодом многолетних продолжительных усилий по поощрению данного института, освещению его роли и международной практики, выявлению положительного воздействия на ситуацию с правами человека и изучению мирового опыта.

Институт Уполномоченного по правам человека (омбудсмена) является одним из действенных правозащитных институтов, широко распространенным в мире и доказавшим свою высокую эффективность [5, с.35-38].

Уполномоченный по правам человека в качестве институционального средства защиты прав и свобод человека осуществляет свою деятельность по исполнению возложенных на него функций в определенных формах и используя определенные методы. В административном праве под формой управления понимается внешне

выраженное действие исполнительного органа (должностного лица), осуществленное в рамках его компетенции и вызывающее определенные последствия. Если вызываемые управленческими действия последствия носят юридический характер или же имеют определенное юридическое значение, их можно обобщенно квалифицировать в качестве административно-правовых форм [6, с.256]. Форма в указанном смысле - это организационно-правовое выражение конкретных однородных действий аппарата государственного управления, совершенных в целях практического осуществления поставленных перед ним задач. При этом форма управления показывает, какими путями осуществляется управленческое воздействие. В других источниках подчеркивается, что речь идет о внешнем и организационно-правовом выражении однородных управленческих действий [7, с.76].

Формы и методы деятельности института омбудсмена в Республике Казахстан свидетельствуют о позитивных результатах его правозащитной деятельности, которая «заточена» именно на восстановление нарушенных прав по поступающим в производство Уполномоченного жалобам граждан Республики Казахстан, иностранных граждан и лиц без гражданства.

С другой стороны, анализ практики деятельности Уполномоченного по правам человека показывает, что пока становление данного института происходит в атмосфере «нереализованных ожиданий», когда большинство граждан Казахстана не осознали, что Уполномоченный может защитить лишь тех, кто сам желает помочь защитить свои права. И это мы видим из реального положения вещей в области защиты прав человека: наибольшее число нарушений касаются по-прежнему социально-экономических прав граждан.

Таким образом, повсеместно сила института Уполномоченного по правам человека (омбудсмена) заключается в его независимости и в расширении его следственных полномочий, в то время как его полезность зиждется на способности стимулировать или начинать проведение законодательных и административных реформ, касающихся восстановления прав человека. Но чтобы оценить независимость омбудсмена, нужно знать в какой именно институциональной среде он действует, а чтобы оценить его полезность необходимо учесть нужды и уровень культуры данного общества. В связи с этим мы считаем необходимым рассмотреть место и роль института Уполномоченного по правам человека (омбудсмена) в механизме государственной власти.

### **Список использованной литературы:**

1. Указ Президента Республики Казахстан «Об учреждении должности Уполномоченного по права человека в Республике Казахстан» от 19 сентября 2002 года № 947 // САПП РК. – 2002. - №30. – Ст.328.
- 2.Хаманева Н.Ю. Охрана прав граждан в зарубежных странах: институт омбудсмена (сравнительный аспект). – М.: ИНИОН, 1991. - 342 с.

3. Корнеева Н.В. Конституционно-правовые основы деятельности Уполномоченного по правам человека в Российской Федерации: Дисс. ... канд. юрид. наук: 12.00.02. - Санкт-Петербург, 2004. - 170 с.

4. Хаманева Н.Ю. Защита прав граждан в сфере исполнительной власти. – М., 1997. - 376 с.

5. Галямова Д.Р. Условия и факторы эффективности института Уполномоченного по правам человека (омбудсмена) // ANALITIK. - 2003. №2. – С.35-38.

6. Административное право: Учебник / Под ред. Ю.М. Козлова, Л.Л. Попова. – М.: Юрист, 2000. - 728 с.

7. Козлов Ю.М. Административное право: Учебник. – М.: Юристъ, 2007. - 554 с.

**Куаналиева Гульдана Амангельдиевна**  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің профессоры, з.ғ.д.

**Абишева Меруерт Нұрланқызы**  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университеті, заң факультетінің  
1-курс магистранты

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қылмыстық құқық нормасы орын алған қылмыстық құқық бұзушылыққа байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Ал бұл қоғамдық қатынастар, ең алдымен қылмыстық заңнама қағидаларынан (принциптер) бастау алуы маңызды.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының Тұжырымдамасының «Құқықтық саясаттың негізгі қағидаттары» атты 3-бөлімде: «Жеке тұлғалар мен ұйымдардың негізгі құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық салаларында бірінші кезекте және тиімді қорғауға жататын негізгі болып табылады.

Сот және құқық қорғау жүйесі органдарының осы саладағы қызметі өте маңызды, өйткені олар бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қалпына келтірудің кепілі болып табылады.

Осыған байланысты жоғарыда көрсетілген органдарды тиісті заңнамалық базаны жетілдіру арқылы ғана емес, тиісті институционалдық шаралар қабылдау арқылы да тұрақты дамыту маңызды міндет болып табылады» деп көрсетілудің өзі табиғи заңдылық [1].

3 шілде 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қазіргі таңда көптеген өзгерістер мен толықтыруларға ұшырағаны мәлім. Бұл өзгерістер мен толықтырулар едәуір дәрежеде қылмыстық саясатқа өз әсерін тигізді. Қылмыстық кодексте қылмыстық-құқықтық саясат стратегиясы қылмыстылықпен күрес саласындағы саясаттың ажырамас бөлігі ретінде жүзеге



асырылуы қажет. Бүгінде қылмыстық заңнамадағы соңғы өзгерістер мен толықтырулар 12.09.2022 жылы енгізіліп отыр [2].

Қылмыстылық ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіреді. Сондықтан кез келген мемлекеттің мақсаты жеке тұлғаның, қоғамның және жалпы мемлекеттің қылмыстық құқық бұзушылық қол сұғушылықтан қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мемлекеттің осы саладағы қызметі қылмыстық саясаттың мәнін құрайды. Кең мағынада қылмыстық саясат дегеніміз қылмыстылыққа қарсы күрес стратегиясы, ол қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процессуалдық, қылмыстық-атқарушылық, жедел-іздістіру құралдары мен әдістерін пайдалана отырып жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қылмыстық қол сұғушылықтан қамтамасыз ететін мемлекеттік қызметтің кең көлемдегі бағыты.

«Қылмыстық-құқықтық принциптер - заң шығарушыға, ғылымға, құқық қорғау және қолдану органдары мен азаматтарға қылмыспен қарсы күрсе жүргізу саласындағы қажетті, негізі және міндетті ережелердің көрінісі болып табылады» [3,19 б.].

Барлық сөздіктерде қағида (лат. principium-басталуы, негізі) кез - келген теорияның, ілімнің, ғылымның, дүниетанымның, саяси ұйымның және т.б. негізгі бастапқы орны ретінде түсіндіріледі [4, 614 б.]. Демек, құқық қағидалары, оның ішінде қылмыстық құқық қағидалары, бастапқы ережелер мен тұжырымдардың жиынтығы болып табылады. Қылмыстық құқықтың қағидаларын ғылымында жекелеп бөліп көрсету шамамен 18 ғасырдың соңында, әйгілі француз ойшылдарынан бастама алады.

Қылмыстық құқық қағидалары - бұл қылмыстық құқық жүйесін айқындайтын, сондай-ақ қорғаушы және нақты-реттеуші қылмыстық-құқықтық қатынастар субъектілеріне арналған нормативтік берілген негізгі бастаулар болып табылады.

Отандық қылмыстық құқық ғылымында бұл мәселеге Қазақстанның көрнекті ғалымдарының бірі, профессор Р.Т. Нұртаев ерекше көңіл бөледі. «Қылмыстық құқық нормаларын бекіту және қағидаларды мүлтіксіз сақтау мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясаттың тиімділігін арттыру үшін маңызды шарт болып табылады. Қылмыстық саясат мәселелерін әзірлеуді қамтитын құқықтық әдебиеттерде қылмыстық саясаттың негізгі қағидаларын бөліп көрсету мен теориялық түсінудің ерекше маңыздылығына баса назар аударылады. Олар мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясаттың негізгі бағыттарын анықтауға бағытталған, оның мақсаттары мен міндеттерін нақтылауға бағытталған жалпыланған векторлар ретінде қарастырылуы керек. Біздің ойымызша, қылмыстық саясат қағидаларының жүйесін қазіргі заманғы тұрғыдан көрсететін дұрыс көріністі құру мүддесінде, біздің ойымызша, заңдылық, әділеттілік, демократия, гуманизм және басқалар сияқты мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясаттың негізгі қағидаларының маңыздылығына баса назар аударған жөн болар еді» [5, 120-121 б.].

Қағидалар туралы мәселе көптеген Ресей ғалымдарының еңбектерінде зерттелген: Беляев Н.А., Бойко А. И., Бытко Ю. И., Васильев Н.В., Виттенберг Г. Б., Галиакбаров Р. Р., Загородников Н.И., Здравомыслов Б. В., Игнатов А. Н., Келина С. Г., Кленова Т. В., Козаченко И. Я., Кригер Г. А., Кудрявцев В. Н., Кузнецова Н.Ф.,

Лопашенко Н.А., Ляпунов Ю. И., Миньковский Б. С., Наумов А. В., Пирвагидов С. С., Пудовочкин Ю. Е., Сахаров А. Б., Трайнин А. Н., Уржинский П, Фефелов П. А., Филимонов В. Д., Шаргородский М. Д., Якуб М. Л. және т. б. Қылмыстық құқықтың жеке қағидалары бірқатар ғалымдардың диссертациялық жұмыстарында арқау болды: Галактионов С.А., Грязнова А.И., Епифанов Б.В., Кияйкин Д.В., Коршиков И.В., Попов А.Н., Семенова И.С., Чередниченко Е.Е., және т.б.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қағидаларға қатысты жеке норма бекітпейді, қылмыстық құқық қағидаларын сақтаудың маңыздылығын, олардың заң шығару және құқық қолдану қызметіндегі орны туралы атап көрсететін нормалар жоқ. Тек кейбір қағидалар қылмыстық заңнаманың жекелеген баптарында бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сүйене отырып, қылмыстық құқықтың бірқатар қағидаларын тұжырымдауға болады, олар құқық қолдану тәжірибесінде іске асырылуға тиіс.

Заңдылық принципі, оның мәні іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазалануы тек қылмыстық заңмен анықталуы керек. ҚР ҚК - де бұл қағида 10-бапта бекітілген. Іс жүзінде, бұл принципті іске асыру қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты құрамының белгілеріне тікелей жатпайтын әрекеттерді жасанды криминализациялау әрекеттерінен толық бас тартуға әкелуі керек, тіпті егер бұл әрекеттер қоғам үшін белгілі бір қауіп төндірсе де. Бұл жерде тағы бір маңызды толықтыру бар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабы 4-тармағының 10-тармақшасына сәйкес қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді [6]. Бұл норма ҚР ҚК-нің 4-бабында бекітілген, яғни қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Заңдылық қағидасының маңызы: 1) қылмыстық іс-әрекеттердің толық тізбесін қамтитын жалғыз нормативтік акт Қылмыстық Кодекс болып табылады; 2) іс-әрекеттердің қылмыстылығын белгілейтін және жаңа заңдар қабылдау арқылы қолданысқа енгізілген нормалар Қылмыстық Кодекске міндетті түрде енгізілуге жатады; 3) қылмыстық заңның мәтіні жалпы жұрттың назарына ресми жариялануға тиіс; 4) қылмыстық іс-әрекеттердің жазаланушылығы оларды жасаудың өзге де қылмыстық-құқықтық салдары да тек қана Қылмыстық Кодексте айқындалады; 5) қылмыстық құқық бұзушылықтар тізбесі толық болып табылады, ал «ұқсас» норманы (ұқсастықты) қолдануға жол берілмейді.

Азаматтардың заң мен сот алдында теңдігі қағидасы ҚР Конституциясының 14-бабында жарияланған. ҚР ҚК-нің 15-бабының 4-бөлігінде «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, тұрғылықты жеріне немесе өзге де кез келген мән-жайларға қарамастан заң алдында тең» делінген [2].

Азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидатын ескере отырып, сот төрелігі немесе мемлекеттік басқару саласында жұмыс істейтін адамдардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшеліктері туралы мәселені естен шығаруға болмайды. Судьяларды, мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартудың өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі (мысалы, жоғары

тұрған соттың заң шығарушы органды және т.б. қылмыстық қудалауға рұқсат алуы). Бұл орайда азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидатына қайшылық жоқ па, деген сұрақ туындайды.

Біздің ойымызша, ешқандай қайшылық жоқ, өйткені біз аталған тұлғаларға қатысты жаза тағайындау туралы емес, қылмыстық жауапкершілікке тарту рәсімінің ерекшелігі туралы айтып отырмыз. Демек, сот төрелігі немесе мемлекеттік басқару саласында жұмыс істейтін адамдардың қылмыстық жауапкершілігінің ерекшеліктері туралы мәселе қылмыстық-құқықтық емес, процессуалдық болып табылады.

Қылмыстық заңның өте маңызды қағидасы - қылмыстық іс-әрекетті жасағаны үшін кінәлі жауапкершілік. ҚР ҚК 19-бабында бекітілген осы қағидаға сәйкес «Адам өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттері (әрекеттері немесе әрекетсіздігі) және туындаған қоғамға қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа жатады». Кінә адамның жасаған әрекетіне және оның салдарына психикалық қатынасы ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Осылайша, кінәсіз қылмыстық құқық бұзушылық жоқ, ал қылмыстық құқық бұзушылықсыз жаза жоқ.

Объективті кінә тағуға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді. ҚР ҚК-нің 23-бабында кінәсіздікпен зиян келтіру ұғымы түсіндіріледі. «Егер әрекеттерді (әрекетсіздікті) және қоғамға қауіпті туындаған зардаптарды жасаған адамның пиғылында болмаған болса, ал мұндай іс-әрекетті абайсызда жасағаны және қоғамға қауіпті зардаптар келтіргені үшін осы Кодексте қылмыстық жауаптылық көзделмесе, іс-әрекет кінәсіздікпен жасалған деп танылады».

Қылмыстық заңнамада осы қағиданың болуы азаматтарды құқық қорғау құрылымдарының ықтимал озбырлығынан қорғауға кепілдік беруге тиіс, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен соттар жұмысының сапасына қойылатын талаптардың артуын көздейді.

Белгілі ғалым профессор Е.О. Алауханов әділ атап өткендей, «Қылмыстық заңнамада осы қағиданың болуы азаматтарды құқық қорғау құрылымдары тарапынан ықтимал өз өкілеттіктерін теріс пайдаланудан қорғайды, осы қағиданы елемеу қылмыстық істі қысқартуға алып келеді» [7, 23 б.].

Жеке жауапкершілік қағидасы тікелей кінәлі жауапкершілік қағидасынан туындайды. ҚР ҚК 15-бабына сәйкес: «Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақытта он алты жасқа толған, ақыл-есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады». Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет үшін кінәлінің жеке жауапкершілігі қағидасы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушыларды қылмыстық жауаптылыққа тарту мәселелерін шешу кезінде өзінің нақты іске асырылуын табады. Мәселен, ҚР ҚК 28-бабының 1-бөлігіне сәйкес: орындаушы, ұйымдастырушы, азғырушы, және көмекші қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылар болып танылады. ҚР ҚК 29 және 30, 31-баптарында қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауапкершілігінің дараландырылған шаралары, сондай-ақ адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін адамдардың жауаптылығы көзделген.

«Жеке жауапкершілік туралы ереже қылмыстық құқықтың барлық принциптерімен тығыз байланысты. Мәселен, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидасы, ең алдымен, қылмыстық жауаптылықтың бірыңғай негізін (қылмыстық заңда қарастырылған қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекетті жасау), қылмыс жасаушының жеке қатысуын (кем дегенде қылмысқа қатысушы ретінде) анықтайды.

Кінә туралы мәселе қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адам болған кезде ғана туындайды. Сонымен қатар, кінә (адамның өзі жасаған қоғамға қауіпті іс-әрекетке және оның салдарына қасақана немесе немқұрайлылық түрінде психикалық қатынасы) психикасы бар субъектісіз және ол жасаған қылмысқа психикалық көзқарасқа қабілетті болғандықтан ғана мүмкін емес, яғни бұл субъектінің жеке жауапкершілігінсіз мүмкін емес.

Тек жеке жасалған қылмыс заңды, әділ және адамгершілік жазаның негізінде болуы мүмкін. Сондықтан жеке жауапкершілік туралы ереже қылмыстық заңнама принципінен гөрі қылмыстық жауапкершілік негізінің қажетті элементі (алғышарты) болып табылады» [8].

Қылмыстық құқықтың келесі қағидасы - әділдік қағидасы. Ол соттарға жолданған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінәлінің жеке басын, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасалғанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамды түзеуге және оған әсер етуін ескере отырып, әділ жаза тағайындау туралы норманың (ҚК-нің 52-бабы) талабынан көрінеді. Бұдан басқа, ҚР ҚК-нің 4-бабында ҚР Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасында жарияланған бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін қайтадан қылмыстық жауаптылыққа тартуға жол бермеу туралы талап бекітіледі.

Айта кету керек, «әділеттілік» категориясы, мәні бойынша, субъективті сипатқа ие, яғни белгілі бір соттың (судьяның) субъективті көзқарастарына байланысты. Алайда, сонымен бірге қылмыстық заң жаза тағайындау кезінде (не қылмыстық-құқықтық сипаттағы өзге де шараларды қолдану туралы мәселені шешу кезінде) міндетті түрде есепке алынуға жататын мән-жайлар:

- жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі;

- осы іс-әрекеттің жасалу мән-жайлары;

- кінәлінің басқа (жеке) сипаттамалары.

Өз кезегінде, қоғамға қауіптіліктің сипаты мен дәрежесі қылмыстық құқық бұзушылықтың сапалық-сандық қасиеттерін көрсетеді: қол сұғу объектісінің маңыздылығы, келтірілген залалдың мөлшері, қол сұғу қарқындылығы және т.б.

Қазақстан Республикасының Конституциясынан қылмыстық құқықтың тағы бір қағидасын бөліп көрсетуге болады. Бұл - ізгілендіру қағидасы. Оның мазмұны Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып жарияланатын, ең қымбат қазынасы адам және адамның құқықтары мен бостандықтары болып табылатын Конституцияның 1-бабында белгіленген нормадан бастау алады. Нақ сондықтан да, қылмыстық қуғын-сүргіндердің болмай

қоймайтын қатаңдығын ұғына отырып, заң шығарушы оларды айтарлықтай айқын-Конституциялық негіздермен шектейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабының 2-тармағына сәйкес: «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды». Бұл Конституциялық норма ҚК-нің 39-бабының 2-бөлігінде жазаға қатысты нақтыланды: «Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді».

Ізгілік қағидасы, өз кезегінде, қылмыстық құқықтың екі маңызды міндетін анықтайды:

- 1) заңға бағынатын азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) қылмыскердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бұл қағиданы іске асырудың жарқын дәлелі, бір жағынан, жеке адамның қауіпсіздігіне қол сұғушылық үшін жауапкершілікті белгілеу және қатайту (экстремизм мен экстремистік әрекеттер үшін, терроризм мен террористік әрекеттер үшін, сондай - ақ басқа да әлеуметтік қауіпті қол сұғушылықтар үшін), екінші жағынан, қылмыстық қуғын-сүргінді жеңілдету, мысалы, әйелдер мен кәмелетке толмағандарға, қарт адамдарға, мүгедектерге қатысты. Ізгілендіру қағидасы қылмыстық заңнаманы қолдану бөлігінде ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты деңгейінде де көрініс табады. Сонымен қатар, біздің мемлекетімізде қабылданатын рақымшылық туралы заңдар қылмыстық құқықтағы ізгілендіру қағидасының өмірлік шындықта жүзеге асырылуының дәлелі болып табылады.

Қылмыстық құқық доктринасында мынадай қағидалар да зерделенеді: қылмыстық қуғын-сүргін шараларын үнемдеу қағидасы; қылмыстық жауаптылық пен жазадан құтылмайтындық қағидасы; жазаны дараландыру қағидасы; демократиялық қағидасы жән т.б.

Ізгілік қағидасымен шекаралас жатқан, қылмыстық-құқықтық қуғын-сүргін шараларын үнемдеу қағидасы бар. Заң әдебиеттерінде бұл қағиданы ғалымдар сирек көрсетеді. Осы қағида тұрғысынан алғанда, ҚР ҚК-нің ерекше бөлігін әзірлеу кезінде қылмыстық іс-әрекеттерді криминализациялау немесе декриминализациялау туралы мәселе шешілді. Нәтижесінде, заң шығарушының пікірінше, аз репрессивті шаралармен күресуге болатын әрекеттердің белгілі бір бөлігі әкімшілік құқық бұзушылықтар санатына жатқызылды. Мәселен, 73-1-бап. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әкімшілік заңнамамен реттеледі [9]. ҚР ҚК 52-бабының 2 бөлігіне сәйкес: «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады».

Қылмыстық құқықтың келесі қағидасы - қылмыстық жауаптылық пен жазадан құтылмайтындық қағидасы. Оған сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі әрбір адам қылмыстық жауаптылыққа және жазалауға немесе қылмыстық заңнамада көзделген өзге де ықпал ету шараларына тартылуға жатады.

Жазадан құтылмайтындық тұжырымы алғаш рет Ч.Беккаридің «О преступлениях и наказаниях» деген еңбегінде толыққанды зерттелген болатын.

Қазақстандық заң шығарушы осы қағиданы ҚР ҚК-де тікелей бекітпеген. Қылмыстық жауаптылық пен жазадан құтылмайтындық қағидасы, қылмыстық жауаптылыққа тартылмау иммунитеті институтымен, сондай-ақ қылмыстық заңдағы көтермелеу нормаларымен әлсіз үйлеседі. Бұл қылмыстық жауапкершіліктен босатудың негіздерін қамтитын нормаларға: шын өкіну, қорқыныш немесе шатасудың салдарынан қажетті қорғаныс шегінен асып кету, жәбірленушімен татуласу және т. б. жатады. Сондықтан, егер біз қылмыстық жауапкершілік пен жазаның сөзсіздігі туралы айтатын болсақ, онда заң қатаң белгіленген жағдайларда құқық қолдану процесінде осы принциптен алшақтау мүмкіндігін қарастыратынын есте ұстаған жөн.

Қылмыстық жазаны жеке даралау қағидасы жазаны тағайындау кезінде есепке алу бойынша ұсыныстарды, қылмыстық әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін, сондай-ақ кінәлінің жеке басының сипаттамасына қатысты ерекшеліктерді құрайтын басшылық ережелер жиынтығын шоғырландырады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауапкершілікті жеке даралау дегеніміз қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға жауапкершілікті жүктеу процесінде нақты мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын таңдау болып табылады. Жауапкершіліктің нақты шарасы, ең алдымен, кінәлінің жеке басының әлеуметтік қасиеттеріне, сондай-ақ жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығына сәйкес келуі керек. Басқаша айтқанда, дараландырудың мәні белгілі бір адамға оның жеке басын, жасалған қылмыстық әрекеттің сипаты мен ауырлығын ескере отырып, жауапкершіліктің нақты шарасын таңдау болып табылады.

Қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеке даралау қағидасы әділ жазаны тағайындауда маңызды рөл атқарады, өйткені қылмыстық құқық бұзушылықтың барлық қажетті шарттары мен себептерін, кінәлінің жеке басының ерекшеліктерін және ол жасаған іс-әрекетті ескере отырып, қылмыстық процесті жүзеге асыратын орган қылмыстық құқықтың міндеттерін тиімді жүзеге асырады.

Демократия қағидасы - қылмыстық заңдар тек жоғарғы заң шығарушы органмен қабылданып, олардың мазмұны бүкіл халықтың еркін білдіруден тұрады деген мәнді білдіреді. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпаса да, мемлекет қылмыстық заңдардың мәтіндері халықтың барлық топтары үшін қол жетімді болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Қылмыстық заңнамада демократия қағидасын өзектілендіруді біздің мемлекетіміз азаматтық қоғамның түрлі қоғамдық институттарына түрлі қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға белсенді қатысу мүмкіндігін кеңейтумен байланыстыру заңды болып көрінеді. Мысалы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін регламенттейтін заңнамалық актілерде азаматтардың біздің

республикамыздағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысуын көтермелейтін нормалар тұжырымдалған.

Қылмыстық-құқықтық қағидалар қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы күрес саласындағы заңнама, ғылым, құқық қорғау органдары және азаматтар үшін қажетті, іргелі және міндетті ережелерді көрсетеді. Қылмыстық құқық қағидаларын бұзу қылмыстық заңнаманың сапасы мен тиімділігіне теріс әсер етеді, оның негізгі міндеттері қоғамдағы негізгі игіліктер мен құндылықтарды қорғау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады. Қылмыстық құқық қағидалары бір-бірімен тығыз байланысты. Бір қағиданы бұзу басқа қағидаларды бұзуға әкелуі мүмкін.

Қылмыстық құқық қағидалары - бұл қылмыстық құқық саласындағы әлеуметтік шындыққа әсер ететін, оның шекаралары мен мазмұнын анықтайтын құқықтық сана қағидалары. Қылмыстық құқық қағидалары – әділдік, теңдік, ізгілік, кінә және заңдылық тәжірибе көрсетіп отырғандай, әрқашан теорияда көрініс табуы, олардың барлық уақытта қоғаммен құқықтық сананың негізгі идеялары ретінде қабылдануына байланысты.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне қылмыстық заңнаманың қағидаларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туды. Көптеген мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларында принциптер өз алдына бөлек нормамен реттеліп көрініс тапқан. Мысалы, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексіндегі 1 тарау «Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің міндеттері мен принциптері» деп аталады. Ондағы 3-7 баптар нақты принциптерге арналған.

ҚР ҚК-нің Жалпы бөлігінде «Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының қағидалары» деп аталатын жеке норманы көздеу керек, онда қылмыстық құқық қағидалары реттелетін ҚК-гі барлық нормаларды бір жерде топтастыру керек. ҚРҚК-не мынадай қағидаларды енгізуді ұсынамыз: заңдылық қағидасы; азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидасы; кінә қағидасы; қылмыстық жауапкершілік пен жазадан құтылмайтындық қағидасы; әділдік қағидасы; ізгілік қағидасы.

Қылмыстық құқық қағидаларының мазмұны қылмыстық заңнаманың әдеттегі нормалары арқылы да, оның принциптерін анықтайтын нормалар арқылы да қылмыстық заңнаманың құрылымына енеді, осылайша оның қағидаларының көрінісі болады. Болашақта қылмыстық заңнаманың қағидалары оның нормаларында бекітіліп, қылмыстық құқық қағидаларына мемлекет қамтамасыз ететін ресми, заңды нысан береді.

Құқық қолдану қызметінде қылмыстық құқық қағидаларын іске асыру процесінің тиімділігі тек қағидалардың нақты заңдылығының дәлдігіне және оларға құқық қолданумен тікелей байланысты қылмыстық заң нормаларының сәйкестік дәрежесіне ғана емес, сонымен бірге көбінесе мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатының мазмұнына, қылмыстық құқықтың алдына қойылған міндеттердің айқындылығы мен әлеуметтік шындыққа сәйкестігіне байланысты болады.

Қазіргі Жаңа Қазақстанның қылмыстық заңнаманы ізгілендіру бағытындағы жүргізіліп жатқан іс-шаралар, ең алдымен негізгі қағидаларға сәйкес болуы шарт

және заң тарапынан заңнамада норма түрінде өз көрінісін табуы қажет деп есептейміз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының Тұжырымдамасы. / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674#z120>.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). / [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31575294#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575294#activate_doc=2).
3. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н. Ағыбаев. - 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 282 б.
4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. - М.: Наука, 1993. - 1752 с.
5. Нуртаев Р.Т. О совершенствовании действующего уголовного законодательства // Государство и право, 2017. - №1-2 (74-75). – С. 119-129.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. / [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_).
7. Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). Оқулық. - Алматы: ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеу орталығы, 2009. - 456 б.
8. Мальцев В.В. Принципы уголовного права и их реализация в правоприменительной деятельности // <https://www.litres.ru/vasiliy-malcev-5728948/principyu-ugolovnogo-prava-i-ih-realizaciya-v-pravoprimeritelnoy-deyatelnosti/chitat-onlayn/page-6/>.
9. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. / [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235\\_.htm](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/k14235_.htm).

**Кудайбергенов Марат Болысович**

к.ю.н., магистр психологии,

член РОО «Казахское психологическое общество»

### О ЦЕЛЕСООБРАЗНОСТИ ВНЕДРЕНИЯ ИНСТИТУТА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ЗАКОНОПРОЕКТОВ

Не будет ошибочным и завышенным утверждение о том, что все процессы жизнедеятельности человека в обществе, так или иначе, представляют собой психологию в самом широком смысле слова, так как таковые процессы являются психическими процессами по своей природе, включающими в себя собственно само *Сознание, Мышление, Интеллект, Чувственное познание (ощущение и восприятие), Эмоции, Внимание, Память, Влечения, Волю.*



Сегодня психология, что вполне ожидаемо и оправданно, активно вторгается и присутствует практически во всех сферах деятельности человека, начиная от бытовой психологии, заканчивая психологией управления. За годы независимости в Республике Казахстан заметно прогрессивно развивается психология, как учебная, научная, прикладная и практическая направления. Но, при этом, справедливости ради следует отметить, что в Казахстане до сих пор отсутствует должная нормативная база, регулирующая данную сферу. В частности, нет специального Закона, регулирующего сферу применения психологических знаний и практики, и отсутствует нормативно определенный статус психолога.

Психологическое (психическое) здоровье и благополучие человека напрямую связано именно с тем, насколько развиты и функционируют эти системные процессы (внутренние условия). При этом, будучи существом социальным, каждый человек формируется как личность именно под влиянием социума, его устоев, традиций, культуры, политики и законов (внешние условия). Поэтому, существует тесная взаимосвязь между внутренними и внешними условиями, от которых и зависит в полной мере состоятельность, благополучие каждой личности, здоровье каждого человека. В данном контексте «психическое» здоровье и благополучие человека является синонимом «душевного» здоровья и благополучия, в связи с чем Всемирная Организация Здравоохранения (ВОЗ) определяет «здоровье», как «состояние полного физического, *душевного* и социального благополучия, а не только отсутствие болезней и дефектов».

Закон, как основной регулятор общественных отношений в государстве, по сути, также является продуктом психической деятельности человека: разрабатывается человеком (группой лиц); цель разработки и дальнейшего принятия – регулировать определенные отношения между людьми (определенные сферы человеческой жизнедеятельности). Даже если закон имеет целью регулирование деятельности каких-либо сугубо государственных институтов и органов, тем не менее, государство и его институты не являются чем то аморфным и отдельным от человека, так же, как и институт государственной власти - это, прежде всего, человек, человеческое общество, в интересах которого эта власть организуется и функционирует.

Конституция Республики Казахстан, исходя из смысла того, что именно Человек – основа государства, определяет, что «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, **высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы**» (ч.1 ст.1 Конституции РК). При этом, на высшем законодательном уровне утверждается, что «Единственным источником государственной власти является **народ**» (ч. 1 ст.3 Конституции РК).

Таким образом, государство и закон, государство и вся его деятельность, по сути дела, также есть продукт психической деятельности человека, группы людей (народа), исторически, культурно, географически, этнически и по другим критериям объединенных именно для цели создания приемлемых, достойных, благополучных условий для совместной жизнедеятельности (*«Мы, народ Казахстана, объединенный общей исторической судьбой, созидая государственность*

*на исконной казахской земле, сознавая себя миролюбивым гражданским обществом, приверженным идеалам свободы, равенства и согласия, желая занять достойное место в мировом сообществе, осознавая свою высокую ответственность перед нынешним и будущими поколениями, исходя из своего суверенного права...»).*

Утверждая себя правовым государством, тем самым, мы признаем наиважнейшую и главенствующую роль именно закона в государстве, посредством которого в таком государстве регулируются все общественные отношения. В этой связи, особо актуализируются именно вопросы неустанного повышения качества законов и законотворческой деятельности в целом. Несовершенство законодательства – главный фактор, тормозящий развитие всех государственных институтов, всего государства, негативно влияющий на благополучие и безопасность человека и гражданина.

При этом, могут разрабатываться и приниматься, казалось бы, «качественные», с точки зрения, государственно-правовой и юридической, законы, но и их «приживаемость» в ткань общественно-человеческого сознания, восприятия и принятия и, как следствие, судьба таких законов в дальнейшей правоприменительной практике могут быть под большим сомнением и не столь успешными. Разрабатывая закон, как ни банально, нужно всегда помнить об основных адресатах, о тех, для кого, в конечном итоге, принимается этот закон; закон должен изначально быть наполнен энергией «благополучия», учитывать естественный природный закон благополучного развития как человека, так и всех других живых существ. Если проект закона изначально упускает эту важную, корневую составляющую идею, либо уделяет ей недостаточно внимания, то такой закон, в случае его принятия, обречен на неэффективное его применение в дальнейшем, так как изначально противоречит самой природе человека, не позволяя конечному адресату – гражданам психологически чувствовать себя благополучными и защищенными в условиях действия такого закона.

Таким образом, разрабатывая законопроекты, уполномоченные на то государственные органы, должны учитывать возможные отрицательные последствия влияния таких правовых актов, в случае их принятия, на психологию граждан в процессе выполнения всех нормативных предписаний, содержащихся в таких актах. Поэтому, можно заключить, что и правосознание общества, каждого отдельного гражданина, повышение правосознания непосредственно зависят именно от этого важного фактора.

Конечно же, разрабатывающие законопроекты специалисты не являются учеными-психологами, и не обязательно должны обладать знаниями в области психологии человека. Так же, как и не все депутаты Парламента, к примеру, являются профессиональными юристами, разбирающимися в тонкостях юридической техники и практики нормотворчества. Важное дополнение и помощь в этом оказывает именно институт научно-правовой экспертизы проектов правовых актов.

В этой связи актуальными представляются вопросы внедрения института психологической экспертизы законопроектов в законотворческую деятельность государства. В свою очередь, под «психологической экспертизой» предлагается

понимать процесс изучения, анализа психологами-экспертами проектов законов и иных правовых актов и подготовка научно обоснованных психологических экспертных заключений.

Выше указанные психические процессы, своеобразные свойства и состояния психики человека, представляющие собой индивидуальные особенности психической деятельности конкретного человека, его межличностные и личностно-социальные отношения, направления и динамика психического развития человека, возможные временные изменения сознания под влиянием различных психогенных, эндогенных и внешних социальных факторов, экспертная оценка которых необходима для выявления объективной истины по проекту правового акта, вкпе представляют собой **Предмет психологической экспертизы**.

Институт психологической экспертизы, как научная категория, должен рассматриваться в качестве составной части **Правовой психологии** и такого его раздела, как **Психология нормотворчества**.

Для внедрения данного института в процесс законотворчества необходимы разработка и принятие соответствующих нормативных правил, критериев и принципов, в соответствии с которыми будет осуществляться регламентация процесса психологической экспертизы, начиная, собственно, с обоснованных требований к кандидатуре эксперта-психолога, конкретных нормативных установлений для составления мотивированного и научно достоверного экспертного заключения. То есть, прежде всего, необходимо определить юридико-психологический статус данного института.

Таким образом, психологическая экспертиза законопроектов:

- станет существенным дополнением к проводимой научно-правовой экспертизе, позволив значительно повысить качество экспертизы за счет всестороннего научно обоснованного, социально-психологического анализа проектов, а, следовательно, повысить также качество и престиж самих принимаемых законов;

- позволит улучшить и поднять на качественно новый уровень правоприменительный и правоисполнительный аспекты принимаемых законов, устранив противоречие принимаемых законов самой природе человека, во благо и в интересах которого эти законы должны работать;

- будет способствовать значительному повышению общего правосознания граждан и установлению должного уважения к законам со стороны общества;

- позволит избегать любых проявлений извращения правовой природы и сущности законов и законотворческого процесса, правовой десоциализации общества, заидеологизированной системы права в целом;

- крайне необходима для всестороннего научного исследования приемлемости, допустимости, адекватного использования психолого-социального компонента во всех разрабатываемых и принимаемых государственными уполномоченными органами законах и иных правовых актах;

- позволит устранить либо существенно снизить возможные негативные последствия для граждан принимаемых правовых норм, если при разработке таких норм должным образом не могли быть учтены и не учитывались возможные

факторы неблагоприятного психического воздействия предлагаемых норм права для общества и для каждого гражданина в отдельности (психологическое прогнозирование);

- будет способствовать выработке и рекомендации научно обоснованных, с позиций современной психологии (в частности, таких ее разделов, как психолингвистика, психосемантика, правовая психология, психология нормотворчества, социальная психология) путей и способов совершенствования действующего законодательства, повышения уважения, доверия к законам и веры в силу и справедливость законов со стороны граждан;

- позволит обеспечить должную психологическую безопасность граждан, общества и государства в целом путем предупреждения возможных неблагоприятных психических последствий для указанных категорий субъектов, которая может иметь место в случае принятия «психологически» неблагоприятных правовых актов, и, таким образом, позволит обеспечить право всех граждан на благоприятную психологическую среду в условиях правового государства.

В качестве экспертов для подготовки психологических экспертиз законопроектов целесообразно привлекать отечественных магистров, докторов PhD в области психологии, кандидатов и докторов психологических наук, специализирующихся в таких учебных и научных направлениях психологии, как Общая психология, Психофизиология, Юридическая психология, Социальная психология, Психолингвистика, Психосемантика. В качестве экспертной организации, представленной указанными специалистами-психологами, целесообразно привлекать Республиканское Общественное Объединение «Казахское психологическое общество», зарекомендовавшее себя, как профессиональное сообщество психологов, на протяжении многих лет активно и успешно реализующее общественно и государственно важные проекты и исследования по различным актуальным психологическим проблемам.

**Курманалиева Эльмира Бахытжановна**  
з.ғ.д., Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының доценті

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖАҒДАЙЫ**

Егер әлеуметтік кәсіпкерлік терминді қарастыратын болсақ, бұл салыстырмалы түрде жаңа термин, дегенмен, әлеуметтік кәсіпкерліктің анықтамасы мен терминінің өзі бірнеше жылдықтар бұрын, дәлірек айтқанда, 80-ші жылдары пайда болғанына қарамастан, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдану мысалдары тарих бойынан табуға болады. Әр түрлі уақытта, әлеуметтік кәсіпкерліктің нақты түсінігі пайда болғанға дейін, кәсіпкерлер өздері білмей, әлеуметтік мәселелерді шешу және

жүзеге асыру мақсатында қазір әлеуметтік деп аталатын кәсіпорындарды ашқаны анық.

XIX және XX ғасырларда кейбір табысты әлеуметтік реформаторлар инновациялардың таралуына ықпал етті, олардың әлеуметтік-мәдени, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы пайдалылығы соншалықты жоғары бағаланды, олар мемлекеттің немесе бизнестің қолдауымен ұлттық ауқымда енгізілді. Ресей империясында әлеуметтік кәсіпкерліктің ерте формалары XIX—XX ғасырдың басында пайда болды. Мысал ретінде Джон Кронштадт негізін қалаған еңбекқорлық үйін атауға болады. Мұнда мұқтаждардың бәрі жұмыс тауып, баспана ала алады. Еңбекқорлық үйлерінің идеясы кейіннен бүкіл Ресейге таралды [1, с.47].

«Әлеуметтік кәсіпкерлік» және «әлеуметтік кәсіпкер» алғаш рет 1960-1970 жылдары әлеуметтік өзгерістер мәселелеріне арналған ағылшын тіліндегі әдебиеттерде кездесіп орын алған. Олар 1980 жылдары американдық Бизнес-Кеңесші және менеджер Билл Дрейтонның танымал болуының арқасында кеңінен қолданылды, оны көбінесе «әлеуметтік кәсіпкерліктің атасы» деп аталған [2, 156б.].

